

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН
ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА ОҚУ
МИГРАЦИЯСЫ – ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ
АСПЕКТІЛЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ**

(социологиялық зерттеу нәтижелері)

**УЧЕБНАЯ МИГРАЦИЯ ИЗ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН В КИТАЙСКУЮ НАРОДНУЮ
РЕСПУБЛИКУ КАК ОДИН ИЗ АСПЕКТОВ
СТРАТЕГИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА
МЕЖДУ СТРАНАМИ**

(результаты социологического исследования)

**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған**

Қ 69 Қазақстан Республикасынан Қытай Халық Республикасына оқу миграциясы – елдер арасындағы стратегиялық ынтымақтастық аспектілерінің бірі ретінде (социологиялық зерттеу нәтижелері), Учебная миграция из Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику как один из аспектов стратегического сотрудничества между странами (результаты социологического исследования)/ **Қошанова Сәуле, Рақышева Ботагөз** – Астана: «Қоғамдық пікір» зерттеу институты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. – 2016. – 104 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-80557-0-6

Басылым кешенді әлеуметтік зерттеулер нәтижесі бойынша дайындалған, ақпаратты жинаудың сандық (ҚХР-да оқып жатқан 407 қазақстандыққа сұрау жүргізілген) және сапалық (60 сарапшыға сауалнама жүргізу, статистикалық деректерді талдау, БАҚ контент-талдауы) әдістерін пайдалануға негізделген. Зерттеу барысында оқытушыларға, қазақстандық және қытайлық жоғары оқу орындарының халықаралық бөлім қызметкерлеріне, білім беру және мәдениет, екіжақты қатынастарға жетекшілік ететін дипломаттарға, қытай жоғары оқу орындарын аяқтаған және өз отанында не басқа елдерде жұмыс істейтін қазақстандықтарға сауалнама жүргізілді. Екі елдің ресми тұлғаларының сөйлеген сөздерін, баспасөз мақалаларын, ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігі мен ҚХР-дың ҚР-дағы Елшілігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚХР Білім министрлігінің статистикалық деректерін талдау сұхбат пен сұрау нәтижесі бойынша қалыптасқан көріністі толықтыра түсті. Зерттеу жүргізілген уақыт: 2015 жылғы маусым-желтоқсан аралығы.

Қытайдың 14 қаласында (Сиань, Бейжің, Шанхай, Гуанчжоу, Ланьчжоу, Үрімші, Далянь, Циндао, Нанкин, Ухань, Гуйлинь, Сямынь, Чжэнчжоу, Ханьчжоу) жүргізілген және 49 жоғары оқу орнында білім алып жатқан қазақстандықтарды қамтыған социологиялық зерттеу оқу миграциясының әртүрлі аспектілерін айқындап берді. Аталған тақырыпты жан-жақты зерделеу негізінде оқып жатқан жастардың ниетіне тұрақты мониторинг жүргізудің маңызы, сондай-ақ Қазақстанның зияткерлік әлеуетін айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік беретін шараларды уақытылы қабылдау қажеттігі көрсетілген.

Кітап қалың оқырмандар қауымына арналған.

Издание подготовлено по результат комплексного социологического исследования, состоящее из количественных (опрошено 407 казахстанцев, проходящих обучение в КНР) и качественных методов сбора информации (опрос 60 экспертов, анализ статистических данных, контент – анализ СМИ). В ходе исследования проводились опросы преподавателей, сотрудников международных отделов казахстанских и китайских вузов, дипломатов, курирующих образование и культуру двусторонних отношений, казахстанцев, окончивших китайские вузы и работающих как на родине, так и в других странах. Анализ выступлений официальных лиц двух стран, статей прессы, статистических данных Посольства РК в КНР и Посольства КНР в РК, Министерства образования и науки РК, Министерства образования КНР дополнили картину, сложившуюся по результатам интервью и опроса. Время проведения исследования: июнь-декабрь 2015 года.

Социологическое исследование, проведенное в 14 городах Китая (Сиань, Пекин, Шанхай, Гуанчжоу, Ланьчжоу, Урумчи, Далянь, Циндао, Нанкин, Ухань, Гуйлинь, Сямынь, Чжэнчжоу, Ханьчжоу) и охватившее обучающихся казахстанцев в 49 вузах, выявляет различные аспекты учебной миграции. На основе многостороннего изучения данной темы показана важность постоянного мониторинга намерений обучающейся молодежи, а также необходимость своевременного принятия мер, которые позволят значительно укрепить интеллектуальный потенциал Казахстана.

Книга предназначена для широкого круга читателей.

ISBN 978-601-80557-0-6

ӘОЖ 325
КБЖ 60.7

© Қошанова Сәуле, Рақышева Ботагөз, 2016.

Мазмұны

КІРІСПЕ	4
СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ	8
ҚХР-ДА БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ	11
1-БӨЛІМ. ҚР-ДАН ҚХР-ҒА ОҚУ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ҮРДІСТЕРІ.....	11
2-БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БІЛІМ АЛУ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ	17
3-БӨЛІМ. ТІЛДІК, ДІНИ, ЭТНОСТЫҚ БІРТЕКТІЛІК.....	27
4-БӨЛІМ. ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР	30
5-БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ, САЯСИ КӨЗҚАРАСТАР	38
НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР	46
Қосымша	96
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дегі Конфуцзы институты туралы ақпарат.....	101
«Қоғамдық пікір» Зерттеу институты туралы ақпарат	102

— КІРІСПЕ

1992 жылы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) мен Қытай Халық Республикасының (бұдан әрі – ҚХР) арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнатылған кезден бастап көптеген бағыттар бойынша өзара іс-қимыл жасаудың қомақты тәжірибесі жинақталды және дамудың орасан зор әлеуеті қалыптасты. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мемлекетаралық өзара іс-қимыл жасаудың аса маңызды саласының бірі. Білім беру саласындағы әріптестік мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудың негізгі бағыты болып табылады.

ҚР және ҚХР арасындағы өзара іс-қимыл саласының нормативтік-құқықтық базасы мынадай шарттар мен келісімдерге негізделеді:

– 2003 жылғы 3 маусымдағы «ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚХР Білім министрлігінің арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім»;

– 2006 жылғы 20 желтоқсандағы «ҚР және ҚХР Үкіметтерінің арасындағы білім және ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісім»;

– 2003 жылғы 3 маусымдағы «ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚХР Білім министрлігінің арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы 2009 жылғы 16 сәуірдегі хаттама (білім беру бойынша алмасатын студенттердің санын 100 адамға дейін көбейтуді көздейді);

– 2011 жылғы 15 маусымдағы «ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының арасында білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» (ҚҰМК магистратура бағдарламасы бойынша білім алу үшін 15 грант бөледі);

– 2015 жылғы 31 тамыздағы «ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметі арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық туралы келісім» және тағы басқалар.

Қытайда білім алуға арналған гранттар жоғарыда аталған келісімдер бойынша ғана бөлінбейді. 2012 жылы ШЫҰ саммиті кезінде Қытай ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің 1500 маманын үш жыл бойы қытай университеттерінде оқыту жөніндегі шешімін жариялады¹.

2013 жылы қыркүйекте ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бірінші мемлекеттік сапары кезінде Назарбаев Университетінде дәріс оқыған кезінде, қытай тарапының таяудағы 10 жылда білім беруге 30 000 мемлекеттік грант және Конфуцзы институттарының 10 000 студенттері мен оқытушыларының біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасайтынын жариялады². Қазіргі кезде аталған институттар Қазақстанның Астана,

¹ <http://www.scosummit2012.org> (айналысқа түскен кезі: 19.03.16)

² <http://kz.chineseembassy.org/rus/zhgx/t1077192.htm> (айналысқа түскен кезі: 19.03.16)

Алматы, Ақтөбе және Қарағанды қалаларында жұмыс істейді. Қазақстанда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан Конфуцзы институтын құру туралы келісімге Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Бейжіңге сапары шеңберінде 2006 жылдың 20 желтоқсанында қол қойылды. Сиань шет тілдері университеті Қытайдағы серіктес жоғары оқу орны ретінде анықталды³. 2009 жылғы ақпанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан Конфуцзы институты ашылды, бұл жоба шеңберіндегі ынтымақтастық Ланьчжоу университетімен бірлесіп жүзеге асырылады.

2011 жылғы маусымда және қарашада Ақтөбе өңірлік университетінің және Қарағанды политехникалық университетінің жанынан тағы да екі Конфуцзы институтының салтанатты түрде ашылуы болды, олардың тиісінше, серіктесі Синьцзян қаржы университеті мен Шихэцзы университеті жоғары оқу орындары болды⁴.

2008 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымының желілік университеті шеңберінде құрылған бастамаларды дамыту өзара іс-қимыл саласында жанданып келе жатқан саланың бірі болып табылады. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін басым мүдделікті білдіретін мамандықтар бойынша келісілген инновациялық білім беру бағдарламалары негізінде жоғары білікті кадрларды бірлесіп даярлау ШЫҰ университетінің негізгі миссиясы болып табылады. Қазіргі жоғары оқу орындары ретінде жұмыс істеп тұрған ШЫҰ университеті қатысушы елдердің ғылым-білім беру және экономикалық ынтымақтастықтың басым салалары: дінтану, экология, энергетика, IT-технологиялар, нанотехнологиялар бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады. Бұл білім беру мекемелерінде білім алмақ болған студент елде немесе шетелде базалық университеттердің бірінде магистратураға оқуға түсудің стандартты рәсімінен өтеді. Одан кейін студент магистрдің білім беру «кеңістігінде» екі траекториясы болады: таңдап алынған жоғары оқу орнында, сондай-ақ серіктес жоғары оқу орнында оқу курсынан өтуге және оқуды аяқтағаннан кейін екі диплом алуға болады⁵.

Қытай университеттері президенттік «Болашақ» бағдарламасының студенттерін де таңдайды. Гранттар бойынша оқу мүмкіндігімен қатар өз қаражаты есебінен білім алатын адамдар үшін де қытай жоғары оқу орындары танымал бағыттардың бірі саналады.

Қытайда білім алатын шетелдік азаматтар

Жоғары білім алудың жаһандануының шетелде білім алудың кең мүмкіндігінсіз еш мағынасы болмайды. Шетелдік азаматтар көбіне қытай

³ www.ic.edu.kz (айналысқа түскен кезі: 19.03.16)

⁴ ҚХР-дың ҚР-дағы Елшілігінің деректері

⁵ <http://uni-sco.ru> (айналысқа түскен кезі: 19.03.16)

жоғары оқу орындарында білім алуға артықшылық береді. ҚХР Білім министрлігінің деректері бойынша елде әлемнің 203 елінің студенті білім алады. Қытай елде оқитын шетелдік студенттердің саны жағынан АҚШ пен Ұлыбританиядан кейін әлемде үшінші орынды иеленеді.

2014 жылғы жағдай бойынша ҚХР-да 377 054 шетелдік студент білім алады. Олардың саны бойынша Корея Республикасы бірінші орында (62 923 адам), одан соң АҚШ (24 203), Таиланд (21 296), Ресей (17 202), Жапония (15 057), Индонезия (13 689), Үндістан (13 578), Пәкістан (13 360), Қазақстан (11 764) (9 орын), Франция (10 729), Вьетнам (10 658), Германия (8 193), Моңғолия (7 920), Малайзия (6 645), Ұлыбритания (5 920).

Шетелдік студенттердің көпшілігі техникалық емес, гуманитарлық мамандықтар, басым көпшілігі қытай тілі бойынша білім алады. Тек олардың 44%-ы жоғары білім алады, қалған 56%-ы қысқа мерзімді курстар мен оқу бағдарламаларын өтеді⁶.

ҚХР-ның Мемлекеттік кеңесі 2020 жылға қарай шетелдік студенттер санын 500 000 адамға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бұл мақсатқа қол жеткізуде ҚХР (Ханьбань) Білім министрлігінің шетелдік университеттермен бірлесіп, шетелде қытай тілін тарату жөніндегі Мемлекеттік кеңсе құратын халықаралық мәдени-білім беру орталықтарының желісі – Конфуцзы институттары мен сыныптары маңызды рөл атқарады. Конфуцзы институттарының миссиясы – бүкіл әлемде Қытайды және қытайлық мәдениетті түсінудің өсуіне, Қытайдың басқа елдермен достық өзара қатынастарын дамытуға ықпал ету. Ондағы оқыту Қытаймен ынтымақтастықтың ерекшелігіне бағдарланған, оған қоса институттардың міндетіне мыналар кіреді: қытай тілі мен мәдениеті курстарын ұйымдастыру, ғылыми конференциялар, мәдени іс-шаралар мен конкурстар өткізу; қытай тілі бойынша оқу әдебиеттерін дайындау және басып шығару; Қытайда студенттік және оқытушылық тағылымдамалар ұйымдастыру⁷. ҚХР Білім министрлігінің деректері бойынша 2015 жылғы қазанның басында әлемнің 127 елінде университеттер жанындағы 476 институт және мектептер жанындағы 850 сыныптар жұмыс жасаған. 2015 жылғы желтоқсанда төраға Ханьбань Суй Лин жыл сайынғы дүниежүзілік конференциядағы өзінің ресми сөзінде 2020 жылға дейін Конфуцзы институттарының санын 1000-ге дейін жеткізу жоспарланғанын атап көрсетті.

⁶ <http://www.iie.org/Services/Project-Atlas/China/International-Students-In-China> (айналысқа түскен кезі: 19.03.16)

⁷ www.hanban.org (айналысқа түскен кезі: 19.03.16)

Қытайда оқитын Қазақстан азаматтары

2014 жылғы тамыздың басындағы жағдай бойынша 45 000-нан астам қазақстандық елден тысқары жерлерде білім алады, оның ішінде: Ресейдің жоғары оқу орындарында оқу оқитын қазақстандық азаматтар 26 600, ҚХР-да 9 670 (оның ішінде 628 әртүрлі гранттар бойынша), Ұлыбританияда 4000-ға жуық, АҚШ-та және Чехияда 1000-ға жуық, Малайзияда шамамен 1500, БАӘ 715, Түркияда 783 және басқа да елдерде⁸.

ҚХР Білім министрлігінің деректері бойынша 2007 жылы қытай жоғары оқу орындарында оқитын, оның ішінде гранттар және өз қаражаты есебінен оқитын қазақстандық студенттер саны 3 000 адамды құраған. 2008 жылы 3 750 отандастарымыз қытай университеттерінде келісімшарт негізінде, 70-сі грант бойынша білім алған. 2010 жылы бұл мөлшер 7 874 адамға жетті. 2011 жылы Қытайда 8 287 қазақстандық білім алған, олардың ішінде 40 адам президенттік «Болашақ» стипендиясының иегері, студенттердің бір бөлігі мемлекеттік алмасу желісі бойынша және қытай үкіметінің гранты бойынша келсе, кейбіреулері ШЫҰ желісі бойынша стипендия иегерлері болып табылады.

2013 жылы қазақстандық студенттердің саны президенттік «Болашақ» бағдарламасының 37 стипендиатын (17 бакалавр, 8 магистр, 12 тағылымдамадан өтуші) қоса алғанда, 9 657 адамды құрады.

2014-2015 оқу жылының басында Бейжіңде шамамен 4000 қазақстандық, Үрімшіде 1250, Шанхайда 800, Сианда 700, Гуанчжоуда 500, Уханда 400, Нанкин, Ланьчжоу, Харбинде 150 адамнан, Циндаода шамамен 100, Құлжада 150, Шихэцзыда шамамен 100, Сямэнде 25 адам білім алған.

2004-2014 жылдар кезеңінде Қазақстанның шамамен 2000 азаматы қытай жоғары оқу орындарын бітіріп шыққан. Оның үстіне олардың саны үнемі ұлғайып отырған, егер, 2003 жылы ҚХР жоғары оқу орындарын тамамдаған қазақстандық түлектер 8 адам болса, 2013 жылы қытай оқу орындарын 700 адам бітірген.

2016 жылғы ақпан айындағы жағдай бойынша ҚХР-дағы қазақстандық студенттер саны 11764 адам, оның ішінде 763 адам халықаралық шарттар шеңберінде мемлекеттік алмасу бойынша, қалғандары өз қаражаты және муниципалды гранттар есебінен білім алуда. Шанхай қаласындағы «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ Өкілдігінің ресми ақпараты бойынша президенттік «Болашақ» стипендиясының 188 иегері қытай жоғары оқу орындарында оқыған,

⁸ https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/45-tyisyach-kazahstanskikh-studentov-obuchayutsya-rubejom-259529/ (айналысқа түскен кезі: 19.03.16)

қазіргі кезде 24 адам білім алуда. Өткен он жылдық ішінде қытай жоғары оқу орындарындағы студенттердің саны 14 есеге өскен⁹.

Осылайша, ресми деректерге сәйкес Қазақстаннан Қытайға оқу миграциясы үздіксіз өсу серпінін көрсетіп отыр. Алайда, ресми статистикалық цифрлар нені білдіреді, Қазақстан жастары қытай жоғары оқу орындарын таңдай отырып, қандай бағдарларды басымдық тұтады, көрші елде оқыған және болған кезде олар қандай қиындыққа кезігеді, этносаралық қатынастар қалай қалыптасады, азаматтық ұстанымдары қандай, келешекке қандай жоспарлар құрады деген осы және басқа да сұрақтарды талдау біздің зерттеуіміздің бөлігі болып табылады. Оқу миграциясы үдерісін көпжақты зерделеу негізінде (сауалнамалар, сұхбаттар, ҚР-дың ҚХР-дағы және ҚХР-дың ҚР-дағы Елшіліктерінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚХР Білім министрлігінің ресми деректері) туындаған проблемаларын шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу, оқу миграциясының салдарын болжамдау, білім беру саласындағы Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын тереңдету мақсатындағы ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын жоспарлауға мүмкіндік беріледі.

СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Жобаның мақсаты:

Оқу миграциясын ынталандыру және екі елдің білім беру саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық ынтымақтастықтың проблемалары мен даму мүмкіндіктерін айқындау.

Оқу миграциясы – мамандық алу, оның ішінде жоғары оқу орындарына түсу үшін дайындық тілдік курстарынан өту мақсатында шетелдегі жоғары немесе орташа кәсіптік оқу орындарында оқуды білдіреді.

Жобаның міндеттері:

ҚР-дан ҚХР-ға оқу миграциясының алғышарттары мен үрдістерін зерделеу;

ҚХР-да білім алатын қазақстандықтардың біртектілік құрылымын (тілдік, діни, этностық, мәдени, азаматтық) айқындау;

ҚХР-дағы оқу және өмір сүру процесінде туындайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды зерделеу, әлеуметтік бейімделу және әлеуметтік көңіл-күй деңгейін айқындау;

мәдени орталықтардың, студенттік бірлестіктердің болуын және олардың жұмыс нысандарын айқындау;

қазақстандық студенттер білім алатын қалалардағы этносаралық жағдайды бағалау;

⁹ ҚХР Білім министрлігінің ресми деректері бойынша

ҚХР білім алатын қазақстандық жастардың зияткерлік әлеуетін зерделеу;

ҚХР-да білім алатын қазақстандықтарды қолдау шараларын айқындау.

Зерттеу географиясы: Қытайдың 14 қаласы (Сиань, Бейжің, Шанхай, Гуанчжоу, Ланьчжоу, Үрімші, Далян, Циндао, Нанкин, Ухань, Гуйлинь, Сямынь, Чжэнчжоу, Ханьчжоу).

Зерттеу жүргізу уақыты: 2015 жылғы маусым–желтоқсан.

Әдіснамалық зерттеу ақпаратты жинаудың сандық және сапалық әдістерін кешенді пайдалануға негізделеді.

Сандық әдіс: Қытайда оқитын қазақстандық азаматтар сауалнамасы. Барлығы 407 респондент сұралған (16–34 жас; орташа жас мөлшері – 21 жас).

Сапалық әдістер: жедел сауалнама, бақылап-байқау. Барлығы 60 сарапшы сұралған.

Респондентті іріктеу: «қар кесегі». Бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша, жоғары оқу орындарына түсу үшін дайындық курстарында Қытайда білім алып жатқан Қазақстан азаматтары іріктеледі.

Сауалнама әдісі: аралас (Face-to-Face (сұхбат), телефон арқылы және электрондық пошта арқылы сауалнама).

Сауалнамалардың іріктемесі олардың толымды болуын білдірмейді, алайда зерттеудің сапалық әдістерімен бірге (бақылау, сарапшылық сауалнама) зерттелетін тақырыпты толыққанды зерделеуге мүмкіндік беретінін атап өту керек. Зерттеу барысында оқытушыларға, қазақстандық және қытайлық жоғары оқу орындарының халықаралық бөлім қызметкерлеріне, білім беру және мәдениет, екіжақты қатынастарға жетекшілік ететін дипломаттарға, қытай жоғары оқу орындарын аяқтаған және өз отанында не басқа елдерде жұмыс істейтін қазақстандықтарға сауалнама жүргізілді. Екі елдің ресми тұлғаларының сөйлеген сөздерін, баспасөз мақалаларын, ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігі мен ҚХР ҚР-дағы Елшілігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚХР Білім министрлігінің статистикалық деректерін талдау сұхбат пен сұрау нәтижесі бойынша қалыптасқан көріністі толықтыра түсті.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің әлеуметтік-демографиялық бейнесі

Қытайда оқитын, сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың арасында 50,6%-ы әйелдер, 49,4%-ы ерлер (№1-кесте).

Сауалнамада әртүрлі ұлт өкілдері қатысты, оның көпшілігі қазақтар 97,1%, орыстар 2,7%, татарлар 0,2%, поляктар 0,2% болды (№2-кесте).

Респонденттердің орташа мөлшері 21 жаста, сұралғандардың жасы жағынан ең кішісі 16 жаста, үлкені 34 жаста болды (№3-кесте).

№1-кесте

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЖЫНЫСЫ

Жауап нұсқасы	Саны	Пайыз
Ерлер	201	49,4
Әйелдер	206	50,6
Барлығы	407	100,0

№2-кесте

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЭТНОСТЫҚ ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ

Жауап нұсқасы	Саны	Пайыз
Қазақтар	395	97,1
Орыстар	10	2,5
Татарлар	1	0,2
Поляктар	1	0,2
Барлығы	407	100,0

№3-кесте

РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ ЖАСЫ

Жауап нұсқасы	Саны	Пайыз
16	1	0,2
17	1	0,2
18	13	3,2
19	56	13,8
20	123	30,2
21	65	16,0
22	57	14,0
23	22	5,4
24	25	6,1
25	17	4,2
26	10	2,5
27	2	0,5
28	13	3,2
30	1	0,2
34	1	0,2
Барлығы	407	100,0

— ҚХР-ДА БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ НӘТИЖЕЛЕРІ

1-БӨЛІМ. ҚР-ДАН ҚХР-ҒА ОҚУ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ҮРДІСТЕРІ

Білім алатын ел ретінде Қытайды таңдау бойынша респонденттердің 49,6%-ы оны мұнда шетелдік студенттерге қамқорлық жасалады деп негіздейді (визалық қолдау, жайлы жатақхана, шұғыл жағдайларда, медициналық көмекке жүгіну кезінде т.б. студенттерді оқудан тыс қолдау). Студенттердің 45%-ы оқу және тұрғынжайда тұру үшін төлемнің төмендігін маңыздылығы бойынша екінші орынға қояды, олардың 41,8%-ы Қытайда білім алу мейлінше сапалы деп санаса, 39,1%-ы алған білімдерін мәртебелі деп атайды, 29,5%-ы оқу грантын ұтып алған. Сұрау салынғандардың 26,5%-ы Қытай жоғары оқу орындарында білім алу жөніндегі өз шешімін мәдени фактормен түсіндіреді (сұхбаттан: «Қытайда өмір сүру қызықты: ойын-сауық, қызықты жерлер көп» т.б.), қазақстандықтардың 25,6%-ына достары, таныстары ұсыным берген. Жауап нұсқаларының сатысында қауіпсіздік маңызды орын алады, яғни сұралғандардың 24,3%-ы Қытайда нәсілшілдік пен ұлтшылдық деңгейі төмен деп санайды (сұхбаттан: мұнда өмір сүру қауіпсіз, РФ-дегідей скинхедтер жоқ, басқа елдердің адамдарына, өзге ұлттың немесе нәсілдік адамдарына қарым-қатынас нашар емес»). Қазақстанға географиялық жақындық оқитын елді Қытай пайдасына таңдау факторларының бірі болып табылады, студенттердің 23,8%-ы осы нұсқаны көрсетті. Мынадай жауаптар болды: мұндай шешім қабылдауға ата-ана әсер етті (5,2%), елді таңдау кездейсоқ болды (2,9%), Қазақстандағы жоғары оқу орындарына оқуға түсу конкурсы жоғары болды (2,0%), тұрақты тұру үшін Қытайға көшу жоспарына орай (1,2%), қытай тілі ұнайды (0,7%) (№4-кесте).

№4-кесте

**СІЗ НЕЛІКТЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДА
(БҰДАН ӘРІ – ҚЫТАЙ) ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУ КЕРЕК ДЕП ШЕШТІҢІЗ?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз*
Қытайда шетелдік студенттерге қамқорлық жасалады (визалық қолдау, жайлы жатақхана, шұғыл жағдайларда, медициналық көмекке жүгіну кезінде т.б. студенттерді оқудан тыс қолдау)	202	49,6
Таңдау жасағандар арасында Қытайда басқа елдермен салыстырғанда білім алу және тұрғынжайда тұру төлемі төмен	183	45,0
Қытайда білім мейлінше сапалы	170	41,8
Алған білімнің мәртебесін арттыру мақсатында	159	39,1
Қытайда оқу грантын ұтып алдым	120	29,5
Мұнда өмір сүру қызықты: ойын-сауық, қызықты жерлер т.б. көп (мәдени фактор)	108	26,5
Достар, таныстарым ұсыныс жасады	104	25,6
Мұнда өмір сүру қауіпсіз: РФ-дегідей скинхедтер жоқ, басқа елдердің адамдарына, өзге ұлттың немесе нәсілдік адамдарына қарым-қатынас нашар емес (нәсілшілдік, ұлтшылдық деңгейінің төмендігі)	99	24,3
Отанға (Қазақстанға) географиялық жағынан жақын	97	23,8
Мұндай шешім қабылдауға ата-анам әсер етті	21	5,2
Елді таңдау кездейсоқ болды	12	2,9
Қазақстандағы жоғары оқу орындарына оқуға түсу конкурсы жоғары	10	2,5
Қазақстанда мен таңдаған мамандық бойынша оқытпайды	8	2,0
Тұрақты тұру үшін Қытайға көшу жоспарына орай	5	1,2
Қытай тілі ұнайды	3	0,7
Жауап беруге қиналамын	2	0,5

* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуі мүмкін.

Оқу орнын таңдауға көмек бойынша достар мен таныстардың кеңесі бірінші орында – 76,8%. Респонденттердің 12,5%-ы қажетті ақпаратты Интернет желісінен тапқан, 9,1%-ы Қазақстандық БАҚ-тан мәлімет алған (№5-кесте).

Жауаптың бірінші нұсқасының жоғары болуы Қытайдың жоғары оқу орындарын бітірген қазақстандықтардың алған білім сапасына, өмір сүру жағдайларына риза екенін және отандастарына таңдау жасаған кезде Қытайды таңдауды ұсынатынын көрсетеді.

№5-кесте

СІЗ ҚЫТАЙДА БІЛІМ АЛУ МҮМКІНДІГІ ЖӨНІНДЕ ҚАЙДАН БІЛДІҢІЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Достар мен таныстардан	312	76,8
Интернет желісі арқылы	51	12,5
Қазақстандық БАҚ-тан	22	5,4
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Конфуцзы институты арқылы	15	3,7
Шет мемлекеттердің БАҚ-тары немесе ҮЕҰ-дан	2	0,5
Жоғары оқу орнынан	1	0,2
«Петро Қазақстан» стипендиаты бағдарламасы	1	0,2
Жауап беруге қиналамын	3	0,7
Барлығы	407	100,0

Қазақстандық жастардың көпшілігі ірі қалалардағы университеттерде оқиды, олар: Бейжің, Шанхай, Сиань тағы басқалар. Зерттеуіміздің респонденттері Қытайдың 14 қаласын көрсетті. Отандастарымыздың негізгі бөлігі мына қалалардың жоғары оқу орындарында оқиды: Сиань (респонденттердің 32,2%-ы), Бейжің (20,9%), Шанхай (7,4%), Гуанчжоу (4,3%), Ланьчжоу (3,1%), Үрімші (2,9%), Далян (2,2%), Циндао (1,2%) тағы басқалар. Сұралғандардың 16,2%-ы оқитын университеттерін көрсеткен жоқ (№6-кесте).

Оқу орындарын таңдау бойынша қазақстандық студенттердің басымдық берушілігі туралы айтқанда, олар әркез Қытайдың ірі, рейтингтік жоғары оқу орындары емес екенін атап кеткен жөн, көбіне олар Қазақстанға аумақтық жағынан жақын өңірлік университеттерді, сондай-ақ шетелдік студенттерге талап онша жоғары емес оқу орындарын таңдаған.

№6-кесте

СІЗ ҚАЙ УНИВЕРСИТЕТТЕ БІЛІМ АЛАСЫЗ?

Жауап нұсқалары (респонденттер сөзінен жазып алынды)	Саны	Пайыз
Сиань шет тілдер университеті - Сиань қ.	56	13,7
Бейжің шет тілдер университеті - Бейжің қ.	23	5,6
Тяньцзинь университеті, колледж - Тяньцзинь қ.	19	4,7
Сиань мұнай университеті - Сиань қ.	18	4,4
Солтүстік-батыс университеті- Сиань қ.	23	5,6
Сиань көлік және коммуникация университеті - Сиань қ.	13	3,2
Ланьчжоу университеті - Ланьчжоу қ.	13	3,1
Гуанчжоу университеті - Гуанчжоу қ.	11	2,7
Халық университеті - Бейжің қ.	9	2,2

Жауап нұсқалары (респонденттер сөзінен жазып алынды)	Саны	Пайыз
Далян шет тілдер университеті - Далян қ.	8	2,0
Шанхай шет тілдер университеті - Шанхай қ.	8	2,0
Бейжің тіл және мәдениет университеті - Бейжің қ.	10	2,4
Бейжің экономика және қаржы университеті - Бейжің қ.	7	1,7
Тонцзи университеті - Шанхай қ.	7	1,7
Сиань экономика және қаржы университеті - Сиань қ.	7	1,7
Шыңжаң аграрлық университеті - Үрімші қ.	6	1,5
Дунхуа университеті - Шанхай қ.	6	1,5
Халықаралық бизнес және экономика универ-ті - Бейжің қ.	5	1,2
Технологиялық университет жанындағы Циндао институты - Циндао қ.	5	1,2
Бейжің сауда университеті - Бейжің қ.	5	1,2
Шанхай университеті - Шанхай қ.	5	1,2
Бейжің азаматтық құрылыс және сәулет университеті - Бейжің қ.	4	1,0
Бейжің педагогика университеті - Бейжің қ.	4	1,0
Дипломатиялық академия - Бейжің қ.	4	1,0
Бэйхан университеті - Бейжің қ.	5	1,2
Шанхай көлік және коммуникация университеті - Шанхай қ.	4	1,0
Шэньси провин. педагогикалық университеті - Сиань қ.	4	1,0
Нанкин университеті - Нанкин қ.	4	1,0
Ухань университеті - Ухань қ.	4	1,0
Шыңжаң экономика және қаржы университеті - Үрімші қ.	4	1,0
Гуйлинь университеті - Гуйлинь қ.	4	1,0
Бейжің көлік университеті - Бейжің қ.	3	0,7
Циньхуа университеті - Бейжің қ.	3	0,7
Чанъань университеті - Сиань қ.	3	0,7
Сиань техникалық университеті - Сиань қ.	3	0,7
Хэнань университеті - Чжэнчжоу қ.	3	0,7
Төртінші әскери медицина университеті - Сиань қ.	3	0,7
Гуанчжоу медицина колледжі - Гуанчжоу қ.	4	0,9
Сямынь университеті - Сямынь қ.	3	0,7
Чжэцзян университеті - Ханчжоу қ.	2	0,5
Сиань құрылыс және сәулет университеті - Сиань қ.	2	0,5
Оңтүстік-қытай педагогикалық университеті - Гуанчжоу қ.	2	0,5
Бейжің аэроавтика және астронав университеті - Бейжің қ.	1	0,2
Медицина университеті - Бейжің қ.	1	0,2
Шыңжаң педагогикалық университеті - Үрімші қ.	1	0,2

Жауап нұсқалары (респонденттер сөзінен жазып алынды)	Саны	Пайыз
Далян технологиялық университеті - Далян қ.	1	0,2
Үрімші медицина университеті - Үрімші қ.	1	0,2
Бейжің халық шаруашылығы университеті - Бейжің қ.	3	0,6
Оңтүстік-қытай технологиялық университеті - Гуанчжоу қ.	1	0,2
Жауап жоқ	62	16,2
Барлығы	407	100,0

ҚХР білім министрлігінің ақпаратына сәйкес Қытайда оқитын қазақстандық жастардың 90%-ға жуығы гуманитарлық: халықаралық қатынастар, әлемдік сауда экономика, бизнес және т.б. мамандықтарға басымдық береді.

Зерттеуімізге қатысқан респонденттердің көпшілігі «қытай тілі және мәдениеті» мамандығы бойынша, сондай-ақ тілдік курстарда білім алады, студенттердің 36,9%-ы осы нұсқаны таңдаған. Экономикалық бағытта («халықаралық сауда», «менеджмент», «әлемдік экономика және сауда», «қаржы», «бизнес әкімшіліктендіру» т.б.) сұралғандардың 32,6%-ы оқиды. Заңгерлік саланы («юриспруденция», «құқық»), сондай-ақ «халықаралық қатынастар», «шығыс тануды» қазақстандықтардың 10,7%-ы таңдаған. Техникалық мамандықтар ішінде отандастарымыз: «мұнай ісі», «сәулет», «өнеркәсіптік дизайн» және тағы басқаларға басымдық береді. «Қытай медицинасын» сұралғандардың 2,0%-ы зерделейді. Респонденттердің 8,4%-ы сұраққа жауап бермеген (№7-кесте).

№7-кесте

СІЗ ОҚЫП ЖАТҚАН МАМАНДЫҚТЫ КӨРСЕТИҢІЗ:

Жауап нұсқалары (респонденттер сөзінен жазып алынды)	Саны	Пайыз
Қытай тілі мен мәдениеті	122	30,0
Қаржы	33	8,1
Экономика	31	7,6
Халықаралық экономика және сауда	30	7,4
Халықаралық құқық	16	3,9
Филология	13	3,2
Логистика	12	2,9
Халықаралық қатынастар	12	2,9
Бизнес әкімшіліктендіру	10	2,5
Менеджмент	9	2,2
Тілдік курстар	8	2,0
Қытай медицинасы	8	2,0
Мұнай өңдеу	8	2,0

Жауап нұсқалары (респонденттер сөзінен жазып алынды)	Саны	Пайыз
Дін тану	7	1,7
Юриспруденция	6	1,5
Сәулет	4	1,0
Өнеркәсіптік дизайн	4	1,0
Шет тілдер	4	1,0
Қытай тілі оқытушысы	3	0,7
Қонақ үй басқару	3	0,7
Автоматизация	3	0,7
Көлік технологиялары	3	0,7
Сақтандыру тәуекелі менеджменті	2	0,5
Шығыстанушы	2	0,5
Физика	2	0,5
Телекоммуникация	2	0,5
Техникалық мамандық	2	0,5
Ақпараттық технологиялар	2	0,5
Инженерия	2	0,5
Мемлекеттік басқару	2	0,5
Бухгалтертерлік есеп	1	0,2
Туризм және маркетинг	1	0,2
Дизайн	1	0,2
Политология	1	0,2
Электрлік байланыс	1	0,2
Радиоэлектроника	1	0,2
Биотехнология	1	0,2
Экология	1	0,2
Продюсер	1	0,2
Геодезия	1	0,2
Жауап жоқ	32	8,4
Барлығы	407	100,0

Респонденттердің 85,3%-ы үшін Қытайда білім алу оқудың және/немесе шетелде ұзақ уақыт тұрудың алғашқы тәжірибесі, екенін көрсеткен, студенттердің 14,7%-ы бұрын мұндай тәжірибе болды деп жауап берген (№8-кесте).

№8-кесте

ОСЫ ОҚУ ОРНЫНДА БІЛІМ АЛУ СІЗГЕ ОҚУДЫҢ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ШЕТЕЛДЕ ҰЗАҚ ТҰРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ТӘЖІРИБЕСІ МЕ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Иә	347	85,3
Жоқ	60	14,7
Барлығы	407	100,0

Бөлім бойынша қорытындылар:

– Қытай жоғары оқу орындары қазақстандық жастар үшін оқу және өмір сүру жағдайларымен, білім сапасымен тартымды.

– Шетелдіктер Қытай аумағында өздерін қауіпсіз сезінеді, елде нәсілшілдік пен ұлтшылдық деңгейі төмен.

– Қытай жоғары оқу орындарын бітірген қазақстандық түлектердің көпшілігі алған біліміне қанағаттанады және отандастарына Қытайда оқуды таңдауды белсенді түрде ұсынады.

– Университетті таңдау кезінде қазақстандық жастар негізінен Қазақстанға географиялық жағынан жақын орналасқан өңірлік университеттерге, сондай-ақ шетелдік студенттерге қойылатын талап онша жоғары емес жоғары оқу орындарына бағдар алады.

– Студенттердің негізгі бөлігі гуманитарлық мамандықтар бойынша білім алады. Мұндай диплом алып үлгерген қазақстандықтардың басым көпшілігінің тәжірибесін негізге ала отырып, жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін респонденттер жұмысқа орналасу проблемасына кезігетінін болжауға болады.

2-БӨЛІМ. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА БІЛІМ АЛУ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Респонденттердің басым көпшілігіне (94,7%) осы жоғары оқу орнында білім алған ұнайды, сұралғандардың 5,1%-ы теріс жауап берді (№9-кесте).

Қытай жоғары оқу орындарында оқыту сапасы студенттердің басым көпшілігінің көңілінен шығады, өз қаражаты есебінен оқитындар «баға – сапа» қатынасы бойынша қанағаттанады.

Білім сапасына әркез риза бола бермейтін қазақстандықтардың өзі шетелдегі білімнің беделі арқасында елде жұмысқа тұру жеңіл болады деп санайды. Қазақ тілін кәсіптік деңгейде білмеу қиындық туғызуы мүмкін, оны қазақстандық жоғары оқу орындарында оқу кезінде ғана алуға болатын.

№9-кесте

СІЗ ОҚИТЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚУ СІЗГЕ ҰНАЙ МА?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Иә	251	61,8
Сірә, ұнайды	134	32,9
Сірә, ұнамайды	18	4,4
Жоқ	3	0,7
Жауап беруге қиналамын	1	0,2
Барлығы	407	100,0

Жоғары оқу орнында оқудың қиындық деңгейін респонденттердің 97,3%-ы күрделі деп бағаласа, студенттердің 2,7%-ы оқу процесін жеңіл деп санайды (№10-кесте).

Қазақстан университеттерінде оқу тәжірибесі бар респонденттер Қытай жоғары оқу орындарындағы талап жоғары дейді.

№10-кесте

СІЗ ОҚИТЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ОҚУДЫҢ КҮРДЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙІН ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Біршама күрделі	242	59,5
Өте күрделі	154	37,8
Анағұрлым жеңіл	10	2,5
Өте жеңіл	1	0,2
Барлығы	407	100,0

Жоғары оқу орындарында өздерінің сабақ үлгерімін респонденттер 65,8% және 21,2%-ы тиісінше, жақсы және үздік деп атап көрсетті. 10,8%-ы қанағаттанарлық деңгейде оқиды (№11-кесте).

Зерттеуге қатысқандардың ішінде кемінде 167 адам (№15-кесте дерегі) грант бойынша оқитынын ескерсек, соңғы жылдары қытай тарапынан грант иегерлеріне Қытай жоғары оқу орындарының талаптары жоғарлағанын атап өту қажет. Мысалы, «Қытай тілі» мамандығы бойынша шетелдік студенттер кезекті HSK емтиханын уақытылы тапсырмаған жағдайда (қытай тілін меңгерудің деңгейін айқындау бойынша халықаралық емтихан), ай сайынғы стипендиядан айырылады.

№11-кесте

УНИВЕРСИТЕТТЕГІ СІЗДІҢ АҒЫМДЫҚ ҮЛГЕРІМІҢІЗ ҚАНДАЙ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Жақсы	268	65,8
Үздік	86	21,2
Қанағаттанарлық	44	10,8
Қанағаттанарлықсыз	2	0,5
Жауап беруден бас тарту	7	1,7
Барлығы	407	100,0

Сұралғандардың негізгі бөлігі қытай тілін меңгеру деңгейін «жақсы» (80,6%), «нашар» 18,1%-ы деп бағалайды (№12-кесте).

Жоғарыда көрсетілген мейлінше танымал мамандықтар бойынша оқитын қазақстандық студенттердің көпшілігі шетелдіктерге арналған топтарда білім алады, онда жергілікті тұрғындар оқитын топтармен салыстырғанда талап анағұрлым төмен. Техникалық мамандықтарды таңдаған респонденттер негізінен қытайлықтармен бірге оқиды. Бұл санаттағы отандастарымыз өздерінің қытай тілін меңгеру деңгейлеріне сын көзбен қарайды және жеткілікті түрде жоғары деп санамайды.

№12-кесте

ҚЫТАЙ ТІЛІН ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖАҚСЫ БІЛЕСІЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Сірә, жақсы	252	61,9
Өте жақсы	76	18,7
Сірә, нашар	71	17,4
Өте нашар	3	0,7
Жауап беруге қиналамын	5	1,2
Барлығы	407	100,0

Қытайға келуге байланысты жағымды сәттердің ішінде қазақстандықтардың 67,3%-ы жаңа таныстықты, 58,2%-ы жерлестердің болуын, 49,4%-ы жақсы университетті (ыңғайлы корпустары, кітапханалары, спорттық кешені, асханасы, дәмханасы бар үлкен кампус), 47,9%-ы қытай мәдениетінің қызықтылығын, 24,6%-ы басқа өмір сүру салтын атайды (№13-кесте).

Жауаптар сатысында «жерлестердің болуы» жауабының екінші орын алуын көптеген студенттер Қытайға келгенде алғаш кездері отандастардың жоғары оқу орнында орналасу рәсімін өту, тұрмыстық проблемаларды шешу кезінде үлкен көмек көрсеткенімен түсіндіреді. Көптеген респонденттер қандай да бір қаланы, университетті таңдау жасауда онда оқып жатқан таныстардың болуына сүйенгенін атап айтады.

№13-кесте

**ӨЗІҢІЗДІҢ ҚЫТАЙҒА КЕЛУҢІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАНДАЙ
ЖАҒЫМДЫ СӘТТЕРДІ АТАП БЕРЕР ЕДІҢІЗ?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз*
Жаңа таныстық	274	67,3
Жерлестердің болуы	237	58,2
Жақсы университет (ыңғайлы корпустары, кітапханалары, спорттық кешені, асханасы, дәмханасы бар үлкен кампус)	201	49,4
Қытай мәдениетінің қызықтылығы	195	47,9
Басқа өмір салты	100	24,6
Тағамдар	39	9,6
Қолайлы климат	32	7,9
Өз бетінше өмір сүру мүмкіндігі (ата-аналардың үнемі бақылауынсыз)	12	2,9
Жауап беруге қиналамын	2	0,5

* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуі мүмкін.

Көбіне қытай тілін нашар білу оқуға таяуда келген қазақстандықтардың проблемасы болып табылады (71,7%), сондай-ақ сұралғандардың 36,6%-ы жергілікті тағамдарға үйренісуді, 35,9%-ы жеке қауіпсіздік проблемасын, 29,7%-ы тұрмыстық қиындықтарды атайды (№14-кесте).

Респонденттердің көпшілігі «мәдени есеңгіреуді» бастап кешіргенін айтады, оған қытай тілін білмеу және кампустан тысқары жерде ағылшын тілін пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы себеп болған.

№14-кесте

ҚЫТАЙДА ҚАНДАЙ МЕЙЛІНШЕ ӨЗЕКТІ ҚИЫНДЫҚТАР ТУЫНДАДЫ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз*
Қытай тілін нашар білу	292	71,7
Жергілікті тағамдарға үйрену	149	36,6
Жеке қауіпсіздік қиындықтары	146	35,9
Тұрмыстық қиындықтар	121	29,7
Құжаттарды тіркеу, ресімдеу кезіндегі бюрократия	79	19,4
Университет әкімшілігімен өзара іс-қимыл	72	17,7
Климаттың үйреншікті болмауы	55	13,5
Қытай заңдарын білмеу	54	13,3
Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынастардағы қиындықтар	16	3,9
Толыққанды демалыс ұйымдастыру	7	1,7
Қиындықтар туған жоқ	18	4,4
Жауап беруге қиналамын	1	0,2

* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуі мүмкін.

Сұралғандардың көпшілігінің оқу мен тұрғынжайда тұруын қаржыландыру көзі – меншікті қаражат (тиісінше 56,3% және 64,6%) болып табылады, Қытай үкіметінің гранттары студенттердің 36,9%-ы үшін оқуды және 32,7%-ы үшін тұрғынжайда тұруды өтейді (Конфуцзы институтының гранттарын да Қытай тарапы қаржыландыратынын атап өткен жөн). Қазақстанның қаражаты есебінен Қытай жоғары оқу орындарында отандастарымыздың 3,4%-ы оқиды, респонденттердің 2,7%-ы үшін қазақстандық тарап гранттары тұрғынжайда тұруды қамтамасыз етеді (№15.1-кесте).

№15-кесте

СІЗДІҢ ОҚУЫҢЫЗ БЕН ТҰРҒЫНЖАЙДА ТҰРУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ ҚАНДАЙ?

	Оқуды қаржыландыру көздері		Тұрғынжайда тұруды қаржыландыру көздері	
	N	%	N	%
Меншікті қаражат	229	56,3	263	64,6
Қытай гранты	150	36,9	133	32,7
Қазақстан гранты	14	3,4	11	2,7
Конфуцзы институтының гранты	3	0,7	-	-
Жауап беруден бас тарту	11	2,7	-	-
Барлығы	407	100,0	407	100,0

Студенттер жұмыс оқуға кері әсерін тигізбейді, әрі олар үшін жұмыс істеу мүмкіндігі қосымша табыс қана емес алатын мамандық бойынша практикалық машықтану, қытай тілін іс жүзінде қолдану мүмкіндігі деп санайды.

Сұралған 407 студенттің ішінде 15 адам (3,7%) оқу кезінде жұмыс істейміз деп жауап берді (№15-кесте).

Олар негізінен аудармашы ретінде (4 адам), сондай-ақ логист (2 адам), маркетинг, бармен, пиар-менеджер, қара жұмысшы, модель (1 адамнан) болып жұмыс істейді, 4 респондент өз қызмет бағытын нақтылаудан бас тартты (№16-кесте).

№15.1-кесте

**ОҚЫП ЖҮРГЕН КЕЗІҢІЗДЕ ЖҰМЫС (ҚОСЫМША ЖҰМЫС)
ІСТЕЙСІЗ БЕ?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Жоқ	392	96,3
Иә	15	3,7
Барлығы	407	100,0

№16-кесте

**ҚАЛАЙША? (БҰЛ СҰРАҚҚА ОҚЫП ЖҮРГЕН КЕЗІНДЕ ЖҰМЫС
НЕМЕСЕ ҚОСЫМША ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН РЕСПОНДЕНТТЕР
ЖАУАП БЕРЕДІ – 15 РЕСПОНДЕНТ (3,7%))**

Жауап нұсқалары (респонденттердің сөзінен жазып алынды)	Саны	Пайыз
Аудармашы	4	26,7
Логист	2	13,4
Маркетинг	1	6,7
Бармен	1	6,7
Қара жұмысшы	1	6,7
Пиар-менеджер	1	6,7
Модель	1	6,7
Жауап беруден бас тарту	4	26,4
Барлығы	15	100,0

Қытай университеттерінің кампусстар аумағында тұру студенттер үшін өте ыңғайлы: көп қабатты асхана, оның ішінде мұсылмандар асханасы, дәмханалар, жеңіл тамақтанатын орындар бар, онда аса арзан бағаға тамақтануға болады. Студенттер жақсы жарақталған спорт кешендеріне бара алады.

Грант бойынша оқитын көптеген қазақстандықтар ай сайынғы стипендия кампус аумағында тамақтануға және тұрғынжайда тұруға жеткілікті екенін атап көрсетеді.

Мәселен, сұралғандардың 93,8%-ы өзінің оқу кезіндегі тамақтану және материалдық жағдайын жақсы, 4,9%-ы нашар деп санайды (№17-кесте).

№17-кесте

**ОҚУ КЕЗІНДЕГІ ӨЗІҢІЗДІҢ ТАМАҚТАНУ, МАТЕРИАЛДЫҚ
ЖАҒДАЙЫҢЫЗДЫ БАҒАЛАҢЫЗ:**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Сірә, жақсы	204	50,1
Жақсы	178	43,7
Сірә, нашар	16	3,9
Нашар	4	1,0
Жауап жоқ	5	1,3
Барлығы	407	100,0

«Өзіңізді Қытайдың бір бөлігімен деп сезінесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің негізгі бөлігі (70,7%) теріс жауап берді. Респонденттердің 28%-ы растайтын жауап нұсқасын таңдады (№18-кесте).

№18-кесте

ӨЗІҢІЗДІ ҚЫТАЙДЫҢ БІР БӨЛІГІМЕН ДЕП СЕЗІНЕСІЗ БЕ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Иә	57	14,0
Сірә, сезінемін	57	14,0
Сірә, сезінбеймін	73	17,9
Жоқ	215	52,8
Жауап беруге қиналамын	5	1,3
Барлығы	407	100,0

Қытай университеттерінде студенттер үшін қаланың көрнекі жерлеріне туристік турлар ұйымдастыру, басқа провинциялар мен қалаларға сапар шегу практикасы кең тараған. Барлық ниет білдірушілер үшін каллиграфия, тайцзичуань (қытай жекпе-жек өнерінің түрі) тағы басқалар бойынша факультативтік курстар ұйымдастырылады. «Қытай тілі және мәдениеті» мамандықтарында бұл пәндер міндетті бағдарламалар қатарына кіреді, сондықтан сұралған қазақстандықтардың 64,6%-ы Қытайдың дәстүрін, тарихы мен мәдениетін білеміз деп жауап беруі таңқаларлық мәселе емес. Респонденттердің 34,4%-ы теріс жауап берді (№19-кесте).

№19-кесте

**СІЗ ҚЫТАЙ ТАРИХЫН,
ДӘСТҮРІ МЕН МӘДЕНИЕТІН ЖАҚСЫ БІЛЕСІЗ БЕ?**

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Иә	88	21,6
Сірә, жақсы білемін	175	43,0
Сірә, жақсы білмеймін	125	30,7
Жоқ	15	3,7
Жауап беруге қиналамын	4	1,0
Барлығы	407	100,0

Сұралғандардың негізгі бөлігі (93,4%) елде тұратын туыстарымен және жақындарымен белсенді байланыс ұстайды, каникул кезінде үйлеріне барады. Студенттердің 51,1%-ы Қазақстанға және отандастарға байланысты жаңалықтар желісін бақылап отыратынын айтты, 37,6%-ын саяси өмір қызықтырады, респонденттердің 31,7%-ы отандық мәдениет арқылы (әуендер тыңдайды, әдебиеттер оқиды, фильмдер көреді және т.б.) байланыс ұстайды (№20-кесте).

№20-кесте

СІЗ ОТАНЫҒЫЗБЕН ҚАЛАЙША БАЙЛАНЫС ҰСТАЙСЫЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз*
Елде тұратын туыстармен және жақындармен байланыс ұстаймын, елге барып тұрамын	380	93,4
Елге және отандастарыма байланысты жаңалықтар желісін бақылап отырамын	208	51,1
Саяси өмір қызықтырады	153	37,6
Отандық мәдениет арқылы (әуендер тыңдаймын, әдебиеттер оқимын, фильмдер көремін, т.б.)	129	31,7
Қытайда тұратын отандастарыммен байланыс ұстаймын	35	8,6
Ұлттық қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысамын	24	5,9
Саяси партиялардың, қозғалыстардың қызметіне қатысамын	3	0,7
Елмен байланыс ұстамаймын	-	-
Жауап беруге қиналамын	6	1,5

* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуі мүмкін.

Қазақстандық студенттердің 63,1%-ы оқудан бос уақытында газет, журнал, кітап, Интернет желісіндегі ақпаратты оқиды, 19,3%-ы негізінен үйде, 8,8%-ы достарымен бірге болады, 7,9%-ы кинотеатрға, паркке барады (№21-кесте).

ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігінің қолдауымен Қытайдағы қазақстандық студенттер қауымдастығы (KSAC) құрылып, ол ойдағыдай жұмыс жасауда. Қауымдастық Қытайдың барлық провинцияларында және ірі қалаларында жұмыс істейтін студенттік бірлестіктерді қамтиды. Жыл сайын Қазақстандық студенттердің құрылтайы өткізіледі.

KSAC қазақстандық студенттер қоғамдастығы Қазақстанның беделін көтеруге бағытталған көптеген іс-шаралардың бастамашысы болып жүр. Онда қазақстандық студенттер ғана емес, ТМД студенттері де бірігеді.

№21-кесте

ОҚУ КЕЗІНЕН БОС УАҚЫТТЫ ҚАЛАЙ ӨТКІЗЕСІЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз
Газет, журнал, кітап, Интернет желісіндегі ақпаратты оқимын	257	63,1
Негізінен үйдемін	78	19,3
Достармен бірге боламын	36	8,8
Кинотеатрға, паркке барамын	32	7,9
Қоғамдық өмірмен айналысамын	2	0,5
Қытай тілін оқимын	1	0,2
Жауап жоқ	1	0,2
Барлығы	407	100,0

Респонденттердің басым көпшілігі бос уақытында қазақстандық жерлестермен араласқанды (44,0%), 28,3%-ы басқа шетелдік студенттермен, 26,5%-ы ұлтына қарамастан бір факультетте оқитын студенттермен, 14,3%-ы Қытайда тұратын қазақ диаспорасымен, 14%-ы жергілікті студенттермен араласқанды оң көреді (№22-кесте).

Әдетте, отандастарымен белсенді қарым-қатынас Қытайға алғаш келген кезінде жаңа жағдайларға бейімделу қиындықтарын жеңуге көмектеседі. Сосын қазақстандықтардың біраз бөлігі қытай және ағылшын тілдерін үйрену үшін қытайлықтар және басқа шетелдіктермен сөйлесу стратегиясын таңдайды. Бұған жоғары оқу орындарының тұрақты түрде өткізіп тұратын мәдени іс-шаралары септігін тигізеді.

№22-кесте

СІЗ БОС УАҚЫТЫҢЫЗДА НЕГІЗІНЕН КІММЕН АРАЛАСАСЫЗ?

Жауап нұсқалары	Саны	Пайыз*
Қазақстандық жерлестерімен	179	44,0
Басқа шетелдік студенттермен	115	28,3
Ұлтына қарамастан Сізбен бір факультетте оқитын студенттермен	108	26,5
Қытайда тұратын қазақ диаспорасымен	58	14,3
Жергілікті студенттермен	57	14,0
Жергілікті халықпен (ханьзу)	25	6,1
Ханьзу ұлтынан басқа жергілікті халықпен (дүнгендер, ұйғырлар т.б.)	1	0,2
Жауап беруге қиналамын	7	1,7

* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуі мүмкін.

Бөлім бойынша қорытынды:

– Қытайдың жоғары оқу орындарындағы оқыту сапасы қазақстандық студенттердің басым көпшілігінің үмітін ақтайды. Өз қаражаты есебінен білім алушылар «білім беру бағасы мен сапасы» ара қатынасына қанағаттанады.

– Студенттердің көпшілігі университетте үздік және жақсы үлгерім көрсетеді, қытай тілін «жақсы» деңгейде меңгерген. Студенттердің негізгі бөлігі шетелдіктер үшін топтарда оқиды, онда тілді жетік білетін топтарға қарағанда талаптар біршама төмен.

– Қытайда болу тәжірибесі бар жас қазақстандықтар өте қайырымды, «жаңа келгендерге» өздеріне беймәлім ортаға тез бейімделуіне көмектесуге дайын.

– Қытай қабылдаушы тараптың гранты бойынша оқу үшін барлық мүмкіндіктерді жасайды. Сонымен қатар, үміткерлерге және оқыту процесіне қойылатын талаптар артады, бұл алған білімнің сапасының кепілі болуы тиіс.

– Қытай университеттерінің кампустары жақсы оқу мен демалу үшін барлық қажетті жабдықтармен жарақтандырылған. Халықаралық бөлімдер Қытай мәдениетін танымал ету бағытында белсенді жұмыс істейді: туристік турлар ұйымдастырады, фестивальдар өткізеді.

– Қазақстандықтардың басым бөлігі оқу кезіндегі тамақтану және материалдық жағдайына қанағаттанады. Гранттар бойынша білім алушылардың негізгі бөлігі ай сайынғы стипендия тамақтану мен кампус аумағында тұру үшін жеткілікті екенін атап өтеді.

– Студенттер отанына үнемі хабарласып тұрады, Қазақстанда болып жатқан саяси оқиғаларға қызығушылық танытады.

3-БӨЛІМ. ТІЛДІК, ДІНИ, ЭТНОСТЫҚ БІРТЕКТІЛІК

Сұралғандардың негізгі бөлігі өздерінің ана тілі деп қазақ (94,6%), орыс 3,4%, неміс тілін санайды. Сұраққа студенттердің 1,5%-ы жауап бере алмады (№23 А-кесте).

Пайдалану жиілігі бойынша орыс тілі басым (64,6%), қазақ тілін қазақстандықтардың 22,6%-ы қарым-қатынас үшін қолайлы деп санайды. Респонденттердің кейбірі қытай және ағылшын тілі арқылы (5,9% және 1,7% тиісінше) сөйлеседі, 5,2%-ы жауап бермеді (№23 В-кесте).

№23-кесте

СІЗ ҚАЙ ТІЛДІ ӨЗІҢІЗ ҮШІН ... ДЕП ЕСЕПТЕЙСІЗ?

А. АНА ТІЛІ

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Қазақ	385	94,6
Орыс	14	3,4
Неміс	2	0,5
Жауап жоқ	6	1,5
Барлығы	407	100,0

В. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Қазақ	92	22,6
Орыс	263	64,6
Қытай	24	5,9
Ағылшын	7	1,7
Жауап жоқ	21	5,2
Барлығы	407	100,0

Халықтың эмоционалдық және эстетикалық өмірдің көрінісі ретінде ұлттық дәстүрлер мен мерекелерді атауға болады. Көптеген студенттер Қытайда оқу олар үшін өз халқының дәстүрлерін терең зерттеу дәстүрге айналғанын, шетелдік достарына салт-дәстүрлердің байлығы туралы айтып беруге, Қазақстанды лайықты таныстыруға ынтасы оянғанын атап өтеді.

Университеттерде қазақстандық студенттер Наурыз, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, Құрбан айт мерекесіне арналған мәдени іс-шараларды бар ынта-жігермен өткізетінін атап өту керек.

Сауалнамаға сәйкес респонденттердің 97,3%-ы өз халқының тарихы, дәстүрлері мен мәдениетін біледі, бұл сұраққа сұралғандардың 1,5%-ы теріс жауап берді (№24-кесте).

№24-кесте

**СІЗ ӨЗ ХАЛҚЫҢЫЗДЫҢ ТАРИХЫН, ДӘСТҮРЛЕРІН ЖӘНЕ
МӘДЕНИЕТІН ЖАҚСЫ БІЛЕСІЗ БЕ?**

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Иә	293	72,0
Сірә, білемін	103	25,3
Сірә, білмеймін	6	1,5
Жоқ	-	-
Жауап беруге қиналамын	5	1,2
Барлығы	407	100,0

Респонденттердің негізгі бөлігінің дінге қатынасы бойынша өздерін дін тұтушылар (94,1%) деп санайды, діни жоралғыларды олардың тек қана 17,4%-ы сақтайды, ал 76,7%-ы сақтамайды. Сұралғандардың 3,4%-ы сенім мен сенімсіздік арасында ауытқиды, 0,7%-ы дінге немқұрайлы қарайды, 1,7%-ы жауап беруге қиналады (№25-кесте).

Өздерінің діни қатыстылығын студенттер былайша айқындайды: респонденттердің 94,7%-ы өздерін мұсылмандар, 1,7% православие христиандары, католиктер 1,5%, буддистер 0,7% деп санайды (№26-кесте).

№25-кесте

ӨЗІҢІЗДІҢ ДІНГЕ ҚАТЫСЫҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ СИПАТТАР ЕДІҢІЗ?

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Мен дінге сенетін адаммын және діни жоралғыларды сақтаймын	71	17,4
Мен дінге сенетін адаммын, алайда діни жоралғыларды сақтамаймын	312	76,7
Дінге сену мен сенбеушілікке дүдәмал қараймын	14	3,4
Мен дінге немқұрайлы қараймын	3	0,7
Мен нағыз атеистпін	1	0,2
Жауап беруге қиналамын	6	1,7
Барлығы	407	100,0

№26-кесте

СІЗ ҚАЙ ДІНДІ ҰСТАНАСЫЗ?

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Буддизм	3	0,7
Ислам	385	94,7
Иудаизм	-	-
Католицизм	6	1,5
Православие	7	1,7
Ешқандай конфессияға қосылмаймын	3	0,7
Жауап беруге қиналамын	3	0,7
Барлығы	407	100,0

Бөлім бойынша қорытынды:

– Студенттердің көпшілігі қазақ тілін өздерінің ана тілі деп санайды. Алайда, жастардың негізгі бөлігі қарым-қатынас үшін қолайлы деп орыс тілін атайды.

– Көптеген респонденттердің дінге қатынасы өздерін дінге сенетін адаммын деп есептеуінен көрінеді, бірақ мерекелермен ғана шектеліп, діни өмірге қатыспайды. Абсолюттік көпшілігі өздерін мұсылмандар деп атайды.

– Студенттерді біріктіру пен ұйымдастыру ісінде біздің еліміздің Елшілігі ерекше рөл атқарады: Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшісі Шахрат Шакизатұлы Нұрышевтың қазақстандық жастармен кездесулері, жастардың бастамаларын қолдау. Көптеген жас отандастарымыз үшін мәдени іс-шараларға қатысу Қазақстанның имиджін лайықты қолдау үшін стимул болып табылады.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарындағы маңызды оқиға – Қытайдың 3 жоғары оқу орнында: 2015 жылдың қарашасында Шанхай шет тілдері университетінде; 2015 жылдың желтоқсанында Бейжің шет тілдері университетінде; 2016 жылдың қаңтарында Далянь шет тілдері университетінде «Қазақстанды зерттеу орталықтары» ашылды.

Орталықтар қазақ тілін, қазақ әдебиеті мен мәдениетін үйренемін деушілерге, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушыларға Қазақстанның қалыптасу тарихы мен қазіргі өмірі туралы хабардар етуге, Қытай мен Қазақстан азаматтары мен ұйымдары арасында білім мен ғылыми байланыстарды кеңейтуге көмектесетін болады¹⁰.

ҚР-ның ҚХР-дағы Елшілігінің қолдауымен құрылған Қытайдағы қазақстандық студенттердің қауымдастығы (KSAC) Қытайдың барлық

¹⁰ *Казахстанская правда. 10 қаңтар 2016 ж.; www.dlufl.edu.cn; www.shisu.edu.cn; www.bfsu.edu.cn (айналысқа түскен кезі: 20.03.16); <http://www.shanghai.gov.cn/nw2/nw2314/nw2315/nw31406/u21aw1079198.html> (айналысқа түскен кезі: 20.03.16)*

провинцияларында және ірі қалаларында жұмыс істейтін студенттік бірлестіктерді қамтиды. Жыл сайын қазақстандық студенттердің құрылтайы өткізіледі¹¹.

4-БӨЛІМ. ЭТНОСАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Қазақстан және Қытай көп ұлтты мемлекеттер болып табылады. Біздің елімізде 130-дан астам ұлыстар мен ұлттар өмір сүреді, көрші республикада – 56. Әлемдегі тұрақсыз саяси жағдайға, этникалық және діни негізде қақтығыстардың шиеленісуіне қарай осы салада туындайтын мәселелерді шешу үшін мониторинг пен уақытылы шараларды қабылдауға ерекше көңіл бөлу маңызды. Сауатты мемлекеттік саясат – тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілінің бірі болып табылады.

Қытайда аса ірі қазақ диаспорасы тұрады. 2010 жылғы санақтың статистикалық мәліметтеріне сәйкес қазақтардың саны 1 462 588 адамды құрайды. «Қоғамдық келісім» зерттеу институты өкілдерінің Қытайға экспедициясы кезінде жүргізілген зерттеулер қазақ диаспорасынан отбасылардың 56,7%-ы Қытай жерінде төрт ұрпағы өмір сүреді, қалған 43,3%-ы Қытайдың түпкілікті тұрғындары екенін көрсетеді. Қытайдың қазақ диаспорасы өз салт-дәстүрлерін сақтаған, бұны сұралған респонденттердің 99%-ы растады. Қазақ диаспорасының мәдени орталықтары жұмыс істейді, журналдар шығарылады, этникалық мәдениетті сақтауға көмектесетін әртүрлі мәдени іс-шараларды өткізеді¹².

Біздің сауалнамада этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарға жеке бөлім арнадық, оның мақсаты – олардың жай-күйін, жастардың көңіл-күйін талдау, осы саладағы қолданылатын шараларға баға беру.

¹¹ <http://www.inform.kz/rus/article/2786661> (айналысқа түскен кезі: 20.03.16)

¹² Қытайда (ШҰАА) тұратын этникалық қазақтар ортасындағы тіл ахуалы (кешенді әлеуметтік зерттеулер нәтижелері). Языковая ситуация в среде этнических казахов, проживающих в Китае (СУАР) (результаты комплексного социологического исследования)/ А.Садвакасова, Б.Рақышева, А.Мажитова. – Астана: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті, Әлеуметтік-саяси зерттеулер институты. – 2012. – 97 б.-қазақша, орысша

№27-кесте

**ЖАЛПЫ АЛҒАНДА, СІЗ БАСҚА ҰЛТТЫҢ АДАМДАРЫНА
ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?**

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Әдетте, құрметпен	393	96,6
Әдетте, аса қызығушылық танытпаймын	11	2,7
Әдетте, жақтырмай	-	-
Жауап беруге қиналамын	3	0,7
Барлығы	407	100,0

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес респонденттер бір ұлттың барлық адамдарын: ортақ мәдениет, салт-дәстүрлер 64,5%, тіл 24,1%, тарих 23,2%, ортақ жер, территория 11,1% біріктіреді деп есептейді (№28-кесте).

№28-кесте

**СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША, БІР ҰЛТТЫҢ АДАМДАРЫН
КӨБІНЕСЕ НЕ БІРІКТІРЕДІ?**

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы*
Ортақ мәдениет, салт-дәстүрлер	262	64,5
Тіл	98	24,1
Тарих	94	23,2
Ортақ жер, территория	45	11,1
Ортақ дін	15	3,7
Мінез-құлық белгілері	14	3,4
Саяси көзқарастар	12	3,0
Жауап беруге қиналамын	12	3,0

* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуі мүмкін.

Сұралғандардың 89,4%-ы Қытайда өшпенділік қатынасының көріністеріне, ұлттық негізде туындайтын проблемаларға ұшырасқан емес, 5,4%-ы сирек, 2,5%-ы жиі (№29-кесте).

Қытайда осындай жағдайларға ұшырасқан 40 респонденттің (9,9%) 37-сі өшпенділік көрінісінің нақты қандай түрі болғаны туралы жауап беруге қиналған. Бір жауаппен мынадай нұсқалар айтылды: «ағылшын тілін түсінбейтіндей кейіп танытты»; «олар өз елінде нені қаласа, соны істеуге құқылы»; «бізді ұйғырлар деп санайды» (№30-кесте).

№29-кесте

СІЗ ҚЫТАЙДА ӨШПЕНДІЛІК ҚАТЫНАСТАРЫМЕН, ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕ ТУЫНДАЙТЫН ПРОБЛЕМАЛАРҒА ҰШЫРАСҚАН КЕЗІҢІЗ БОЛДЫ МА?

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Иә, жиі	10	2,5
Иә, кейде	15	3,7
Өте сирек	15	3,7
Жоқ	364	89,4
Жауап беруге қиналамын	3	0,7
Барлығы	407	100,0

№30-кесте

ӨШПЕНДІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРІНЕ ҰШЫРАСТЫҢЫЗ (БҰЛ СҰРАҚҚА ӨШПЕНДІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ КӨРІНІСТЕРІМЕН, ҰЛТТЫҚ НЕГІЗДЕГІ ПРОБЛЕМАЛАРМЕН ҰШЫРАСҚАН РЕСПОНДЕНТТЕР ҒАНА ЖАУАП БЕРЕДІ – 40 РЕСПОНДЕНТ (9,9%))

Жауап нұсқасы (респонденттердің сөздерінен жазып алынды)	Саны	Пайызы
Ағылшын тілін түсінбейтін кейіп танытты	1	2,5
Өз елінде нені қаласа, соны істеуге құқылы	1	2,5
Бізді ұйғырлар деп есептейді	1	2,5
Жауап беруге қиналамын	37	92,5
Барлығы	40	100,0

Сұралғандардың негізгі бөлігі басқа ұлттың өкілдерімен достыққа оң қараған: ханьзу ұлтына 90,7%, орыстарға 85,3%, жергілікті қазақтарға 83,8%, татарларға 83,0%, маньчжурларға 78,4%, дүнгендерге 75,2%, ұйғырларға 70,3% (№31-кесте).

№31 кесте.

СІЗ БАСҚА ҰЛТТЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН ДОСТАСУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?

Саны

	Жақсы	Немқұрайлы	Теріс	Жауап беруге қиналамын
Ханьзу	369	16	2	20
Орыс	347	25	9	26
Жергілікті қазақтар	341	29	11	26
Татарлар	338	29	9	31
Маньчжурлар	319	53	3	32
Дүнгендер	306	67	5	29
Ұйғырлар	286	83	8	30

Пайыздар

	Жақсы	Немқұрайлы	Теріс	Жауап беруге қиналамын
Ханьзу	90,7	3,9	0,5	4,9
Орыс	85,3	6,1	2,2	6,4
Жергілікті қазақтар	83,8	7,1	2,7	6,4
Татарлар	83,0	7,1	2,2	7,7
Маньчжурлар	78,4	13,0	0,7	7,9
Дүнгендер	75,2	16,5	1,2	7,1
Ұйғырлар	70,3	20,4	2,0	7,3

Қазақстандықтардың 86,7%-ы БАҚ-та, 84,2%-ы оқу орнында; 78,3%-ы дүкенде, кафе, мейрамхана, кинотеатр, би алаңында; 76,1%-ы көшеде, қоғамдық көлікте этносаралық қатынастарға байланысты қақтығыстар, жанжалдар, жәбірлейтін кінә тағуларға ешқашан ұшыраспаған.

Осыған ұқсас проблемаларды жиі кездестіргендері: сұралғандардың 1,5%-ы БАҚ-та, 1%-ы оқу орнында; 3,7%-ы дүкенде, кафе, мейрамхана, кинотеатр, би алаңында; 2,5%-ы көшеде, қоғамдық көлікте (№32-кесте).

№32-кесте

**СІЗ ҚАҚТЫҒЫСТАРМЕН, ЖАНЖАЛДАР, ЖӘБІРЛЕУ ЖӘНЕ
ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА БАЙЛАНЫСТЫ БАСҚА ДА
ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ЖИІ КЕЗДЕСТІРДІҢІЗ БЕ?**

Саны

	Өте жиі	Жиі сияқты	Сирек сияқты	Өте сирек	Ешқашан
БАҚ-та	6	6	17	25	353
Оқу орнында – мектеп, колледж, университет	4	6	13	41	343
Дүкенде, кафе, мейрамхана, кинотеатр, би алаңында	15	4	11	58	319
Көшеде, қоғамдық көлікте	10	4	14	69	310

Пайызы

	Өте жиі	Жиі сияқты	Сирек сияқты	Өте сирек	Ешқашан
БАҚ-та	1,5	1,5	4,2	6,1	86,7
Оқу орнында – мектеп, колледж, университет	1,0	1,5	3,2	10,1	84,2
Дүкенде, кафе, мейрамхана, кинотеатр, би алаңында	3,7	1,0	2,7	14,3	78,3
Көшеде, қоғамдық көлікте	2,5	1,0	3,4	17,0	76,1

Біздің респонденттер этностық негізде туындаған төрт (1%), алты (1,5%) – діни негізде, тілдік негізде – төрт (1%) (№33-кесте) қақтығыстың қатысушысы немесе куәгері болған.

Студенттер жанжал туғызған себептердің арасында мыналарды атап өтті: басқа ұлттың тарапынан сыйламаудың 2 оқиғасы, ішімдік ішіп алған американдықтар өздерінің діни сектасына кіруге ұсыныс жасаған 1 оқиғасы; алты респондент жауап беруге қиналады (№34-кесте).

Сұралғандар жанжалдарды бастағандар ретінде маманы атаған: қытайлық – 2, американдық – 1, жауап беруге қиналғаны – 6 (№35-кесте).

Жанжалды шешу үшін тараптар жоғары оқу орнының әкімшілігіне, Елшілікке, ҚР-ның ҚХР-дағы Консулдығына жүгінген. 2 жағдайда тараптар үшінші тарапты қатыстырмай, өздері шешкен. Тағы да 4 жанжалдың куәгері сұраққа жауап бермеді (№36-кесте).

№33-кесте

СІЗ ҚЫТАЙДА ОҚЫП ЖҮРГЕН КЕЗІНДЕ ... БОЛҒАН ЖАНЖАЛДЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ НЕМЕСЕ КУӘГЕРІ БОЛДЫҢЫЗ БА?

Саны

	Иә, болдым	Жоқ, болған жоқпын	Жауап беруге қиналамын
...этностық негізде	4	373	30
...діни негізде	6	373	28
...тілдік негізде	4	373	30

Пайызы

	Иә, болдым	Жоқ, болған жоқпын	Жауап беруге қиналамын
...этностық негізде	1,0	91,6	7,4
...діни негізде	1,5	91,6	6,9
...тілдік негізде	1,0	91,6	7,4

№34-кесте

АЙТЫҢЫЗШЫ, БҰЛ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ, БҰЛ ЖАНЖАЛДЫҢ СЕБЕБІ НЕДЕ? (БҰЛ СҰРАҚҚА ҚЫТАЙДА ОҚЫҒАН КЕЗІНДЕ ЖАНЖАЛДЫҢ ҚАТЫСУШЫСЫ НЕМЕСЕ КУӘГЕРІ БОЛҒАН РЕСПОНДЕНТТЕР ҒАНА ЖАУАП БЕРЕДІ – 9 РЕСПОНДЕНТ (2,2%))

Жауап нұсқасы (респонденттердің сөздерінен жазып алынды)	Саны
Басқа ұлттың тарапынан құрметтемеу	2
Ішімдік ішіп алған американдықтар келіп, өздерінің діни сектасына кіруге ұсыныс жасайды	1
Жауап беруге қиналамын	6
Барлығы	9

№35-кесте

ЕГЕР ЖАНЖАЛДАР ТУЫНДАҒАН БОЛСА, ОНЫ БАСТАҒАН КІМ?

(БҰЛ СҰРАҚҚА ҚЫТАЙДА ОҚЫҒАН КЕЗІНДЕ ЖАНЖАЛДЫҢ
ҚАТЫСУШЫСЫ НЕМЕСЕ КУӘГЕРІ БОЛҒАН РЕСПОНДЕНТТЕР
ҒАНА ЖАУАП БЕРЕДІ – 9 РЕСПОНДЕНТ (2,2%))

Жауап нұсқасы (респонденттердің сөздерінен жазып алынды)	Саны
Қытайлықтар	2
Сектанттар	1
Жауап беруге қиналамын	6
Барлығы	9

№36-кесте

ЖАНЖАЛ ТАРАПТАРЫ ОНЫ ШЕШУ ҮШІН КІМДЕРДЕН КӨМЕК

СҰРАҒАН? (БҰЛ СҰРАҚҚА ҚЫТАЙДА ОҚЫҒАН КЕЗІНДЕ ЖАНЖАЛДЫҢ
ҚАТЫСУШЫСЫ НЕМЕСЕ КУӘГЕРІ БОЛҒАН РЕСПОНДЕНТТЕР ҒАНА
ЖАУАП БЕРЕДІ – 9 РЕСПОНДЕНТ (2,2%))

Жауап нұсқасы	Саны
Жоғары оқу орны әкімшілігіне жүгінген	1
Елшілікке, өз елінің консулдығына жүгінген	2
Үшінші тарапқа жүгінбей, жанжалды өздері шешкен	2
Жауап беруге қиналамын	4
Барлығы	9

Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынастарды респонденттердің 92,9%-ы достық және тұрақты, біздің отандастарымыздың тек 2,0-ы белгілі бір алаңдаушылық бар деп санайды (№37 А-кесте).

Қытайда ұлтаралық қатынастарды сұралғандардың 85,5%-ы достық және тұрақты, ал 7,1%-ы белгілі бір алаңдаушылық бар деп атайды (№37 В-кесте).

№37-кесте

**СІЗ ЖАЛПЫ ҚОҒАМДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ
ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?**

А. ҚАЗАҚСТАНДА

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастар қалыптасады	277	68,1
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында тұрақты қарым-қатынастар қалыптасады	101	24,8
Белгілі бір алаңдаушылық бар	8	2,0
Біршама алаңдаушылық бар	2	0,5
Ұлттық негізде жаппай жанжал туындау мүмкіндігі жоғары	1	0,2
Жауап беруге қиналамын	18	4,4
Барлығы	407	100,0

В. ҚЫТАЙДА

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастар қалыптасады	188	46,2
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында тұрақты қарым-қатынастар қалыптасады	160	39,3
Белгілі бір алаңдаушылық бар	29	7,1
Біршама алаңдаушылық бар	7	1,7
Ұлттық негізде жаппай жанжал туындау мүмкіндігі жоғары	1	0,2
Жауап беруге қиналамын	22	5,5
Барлығы	407	100,0

Қазақстандықтар басқа дінді ұстанатын адамдарға жоғары құрметтеу деңгейін көрсетеді (96,1%). Сұралғандардың 2,7%-ы айрықша қызығушылық танытпайтынын айтады және 1,2%-ы сұраққа жауап бермеген (№38-кесте).

№38-кесте

**СІЗ ҰСТАНАТЫН ДІННЕН ЕРЕКШЕ, БАСҚА ДІНДІ ҰСТАНАТЫН
АДАМДАРҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?**

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Әдетте, құрметпен	391	96,1
Әдетте, айрықша қызықпаймын	11	2,7
Әдетте, жақтырмаймын	-	-
Жауап беруге қиналамын	5	1,2
Барлығы	407	100,0

Отандастарымыздың 94,3%-ы **Қазақстандағы** конфессияаралық қарым-қатынастардың жай-күйін достық және тұрақты деп бағалайды. Студенттердің 1%-ы біршама алаңдаушылық бар және 4,7%-ы жауап беруге қиналады (№39 А-кесте).

Қытайдағы конфессияаралық қатынастарға қатысты сұралғандардың пікірі былайша анықталды: олардың 86,0%-ы достық және тұрақты, 6,4%-ы біршама алаңдаушылық бар деп есептейді, 7,6%-ы жауап беруге қиналады (№39 В-кесте).

№39 кесте.

СІЗ ЖАЛПЫ ҚОҒАМДАҒЫ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?

А. ҚАЗАҚСТАНДА

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастар қалыптасады	286	70,3
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында тұрақты қарым-қатынастар қалыптасады	98	24,0
Белгілі бір алаңдаушылық бар	4	1,0
Біршама алаңдаушылық бар	-	-
Ұлттық негізде жаппай жанжал туындау мүмкіндігі жоғары	-	-
Жауап беруге қиналамын	19	4,7
Барлығы	407	100,0

В. ҚЫТАЙДА

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастар қалыптасады	205	50,4
Әртүрлі ұлт өкілдері арасында тұрақты қарым-қатынастар қалыптасады	145	35,6
Белгілі бір алаңдаушылық бар	23	5,7
Біршама алаңдаушылық бар	3	0,7
Ұлттық негізде жаппай жанжал туындау мүмкіндігі жоғары	-	-
Жауап беруге қиналамын	31	7,6
Барлығы	407	100,0

Бөлім бойынша қорытынды:

– Біздің отандастарымыздың басым көпшілігі басқа ұлттың адамдарына және дін тұтушыларға құрметпен қарайды.

– Ортақ мәдениет, салт-дәстүрлер бір ұлттың адамдарын біріктіретін негізгі факторлар болып табылады.

– Қытайда шетелдіктерге достық қарым-қатынаста. Этносаралық қатынастарға байланысты жанжалдар, қақтығыстар, жәбірлейтін кінәлау өте сирек кездеседі.

– Жас қазақстандықтар Қазақстанда және Қытайдағы этносаралық қатынастардың тұрақтылығын жоғары бағалайды.

5-БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ, САЯСИ КӨЗҚАРАСТАР

Жүргізілген сауалнама мен сұхбаттарға сәйкес осы зерттеудің респонденттері белсенді азаматтық ұстанымды көрсететінін атап өту керек: Қазақстанның саяси өміріне қызығушылық танытады, сайлауларға, сондай-ақ ҚР-ның ҚХР-дағы Елшілігі мен ҚР-ның Шанхай қаласындағы Бас консульдығы ұйымдастырған іс-шараларға қатысады. Студенттер екі ел жүргізіп отырған саясатқа қызығушылық білдіреді. Қытайда қазақстандық студенттердің ұйымдары табысты жұмыс істейді.

Ұлтына қарамастан адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру бойынша Қазақстан қолданатын шараларды сұралғандардың 93,1%-ы тиімді деп санайды, 88,4%-ы елдің тұтастығын сақтауға, 90,4%-ы ұлттық азшылықтың құқықтарының кепілі, 91,4%-ы ел халқының ұлттық мәдениеті мен тілдерін дамытуға көмектесу, 90,9%-ы қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың алдын алу және бейбіт шешу, 89%-ы ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қызметке тыйым салуға септігін тигізеді.

Мына шараларды тиімсіз деп атаған: респонденттердің 1,2%-ы оның ұлтына қарамастан адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру, 5,2%-ы елдің тұтастығын сақтау, 2,2%-ы ұлттық азшылық құқықтарының кепілдері, 1,7%-ы ел халқының ұлттық мәдениеті мен тілдерін дамытуға көмектесу, 3,0%-ы қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың алдын алу және бейбіт шешу, 2,5%-ы ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қызметке тыйым салу (№40 А-кесте).

Қазақстандықтардың Қытайда қолданылатын шараларға қатысты пікірі былайша айқындалды: сұралғандардың 90,6%-ы тиімді деп санайды, 80,6%-ы елдің тұтастығын сақтауға, 87,5%-ы ұлттық азшылықтың құқықтарының кепілі, 85,5%-ы ел халқының ұлттық мәдениеті мен тілдерін дамытуға көмектесу, 81,2%-ы қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың алдын алу және бейбіт шешу, 79,1%-ы ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қызметке тыйым салуға септігін тигізеді.

Мына шараларды тиімсіз деп атаған: респонденттердің 2,7%-ы оның ұлтына қарамастан адамның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру, 11,6%-ы елдің тұтастығын сақтау, 4,1%-ы ұлттық азшылық құқықтарының кепілдері, 7,3%-ы ел халқының ұлттық мәдениеті мен тілдерін дамытуға көмектесу, 4,4%-ы қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың алдын алу

және бейбіт шешу, 12,8%-ы ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қызметке тыйым салу (№40-кесте).

№40 кесте.

**ҰЛТТЫҚ САЯСАТТЫҢ МЫНА АСПЕКТІЛЕРІН ІСКЕ АСЫРУ
БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАБЫЛДАЙТЫН ШАРАЛАРЫН
СІЗ ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?**

А. ҚАЗАҚСТАНДА

	Тиімді		Тиімді болар		Тиімсіз болар		Тиімсіз		Жауап беруге қиналамын	
	N	%	N	%	N	%	N	%	N	%
Ұлтына қарамастан адамның құқықтары мен бостандықтарының теңдігі	326	80,1	53	13,0	5	1,2	-	-	23	5,7
Елдің тұтастығын сақтау	202	49,6	158	38,8	21	5,2	-	-	26	6,4
Ұлттық азшылықтың кепілі	316	77,6	52	12,8	8	2,0	1	0,2	30	7,4
Ұлттық мәдениет пен ел халықтарының тілдерін дамытуға көмектесу	113	27,8	259	63,6	7	1,7	-	-	28	6,9
Қақтығыстар мен қарама-қайшылықтардың алдын алу мен бейбіт түрде шешу	313	76,9	57	14,0	10	2,5	2	0,5	25	6,1
Ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қызметке тыйым салу	301	74,0	61	15,0	8	2,0	2	0,5	35	8,5

В. ҚЫТАЙДА

	Тиімді		Тиімді болар		Тиімсіз болар		Тиімсіз		Жауап беруге қиналамын	
	N	%	N	%	N	%	N	%	N	%
Ұлтына қарамастан адамның құқықтары мен бостандықтарының теңдігі	296	72,7	73	17,9	8	2,0	3	0,7	27	6,6
Елдің тұтастығын сақтау	179	44,0	149	36,6	45	11,1	2	0,5	32	7,9
Ұлттық азшылықтың кепілі	310	76,2	46	11,3	14	3,4	3	0,7	34	8,4
Ұлттық мәдениет пен ел халықтарының тілдерін дамытуға көмектесу	85	20,9	263	64,6	27	6,6	3	0,7	29	7,1
Қақтығыстар мен қарамақайшылықтардың алдын алу мен бейбіт түрде шешу	318	78,1	41	10,1	15	3,7	3	0,7	30	7,4
Ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қызметке тыйым салу	248	60,9	74	18,2	45	11,1	7	1,7	33	8,1

Қазақстанда экономикалық жағдайды (халықты жұмыспен қамту, лайықты жалақы және т.т.) респонденттердің 90%-ы тұрақты, 7,6%-ы тұрақсыз деп атаған (№41-кесте).

Қытайда экономикалық жағдайды сұралғандардың 91,9%-ы тұрақты, 5,4%-ы тұрақсыз деп санайды (№41-кесте).

№41 кесте.

СІЗ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ (ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ЛАЙЫҚТЫ ЕҢБЕКАҚЫ ЖӘНЕ Т.Т.) ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?

Саны

	Тұрақты, жоғары даму деңгейі	Жағдай тұрақты, ел экономикасының өсу келешегі бар	Тұрақсыз, жиі флуктуацияға бейім	Жағдай нашарлауда, дағдарыс қаупі бар	Экономикалық жағдай өте ауыр	Жауап беруге қиналамын
А. Қазақстанда	161	205	24	7	-	10
В. Қытайда	195	179	21	1	-	11

Пайызы

	Тұрақты, жоғары даму деңгейі	Жағдай тұрақты, ел экономикасының өсу келешегі бар	Тұрақсыз, жиі флуктуацияға бейім	Жағдай нашарлауда, дағдарыс қаупі бар	Экономикалық жағдай өте ауыр	Жауап беруге қиналамын
А. Қазақстанда	39,6	50,4	5,9	1,7	-	2,4
В. Қытайда	47,9	44,0	5,2	0,2	-	2,7

Қазақстандағы азаматтар қамтамасыз етілген әлеуметтік кепілдер деңгейін (аз қамтылған азаматтарды қорғау, зейнетақы төлеу және т.т.) студенттердің 27,7%-ы жоғары, 66,5%-ы төмен деп атайды (42 А-кесте).

Қытайда әлеуметтік кепілдер деңгейінің жағдайын 25,6%-ы жоғары, 66,1%-ы төмен деп санайды (42 В-кесте).

№42-кесте

СІЗ АЗАМАТТАР ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДЕР (АЗ ҚАМТЫЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚОРҒАУ, ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ Т.Т.) ДЕҢГЕЙІН ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?

Саны

	Жоғары	Жоғары сияқты	Төмен сияқты	Өте төмен	Жауап беруге қиналамын
А. Қазақстанда	40	73	257	14	23
В. Қытайда	52	52	248	21	34

Пайызы

	Жоғары	Жоғары сияқты	Төмен сияқты	Өте төмен	Жауап беруге қиналамын
А. Қазақстанда	9,8	17,9	63,1	3,4	5,8
В. Қытайда	12,8	12,8	60,9	5,2	8,3

Қазақстандағы саяси жағдайды респонденттердің 93,6%-ы тұрақты, 3,6%-ы тұрақсыз деп санайды, студенттердің 2,8%-ы сұраққа жауап бермеді (№43 А-кесте).

Қытайдағы саяси жағдайды сұралғандардың 73,2%-ы тұрақты, 0,7%-ы тұрақсыз, қазақстандықтардың 26,1%-ы сұраққа жауап беруге қиналған (№43 В-кесте).

№43-кесте

СІЗ ... САЯСИ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?

Саны

	Тұрақты	Тұрақты шығар	Тұрақсыз шығар	Өте тұрақсыз	Жауап беруге қиналамын
А. Қазақстанда	238	143	14	1	11
В. Қытайда	203	95	3	-	106

Пайызы

	Тұрақты	Тұрақты шығар	Тұрақсыз шығар	Өте тұрақсыз	Жауап беруге қиналамын
А. Қазақстанда	58,5	35,1	3,4	0,2	2,8
В. Қытайда	49,9	23,3	0,7	-	26,1

Оқу аяқталған соң Қытайда еңбек шарты бойынша қалуды (ұзақ уақытқа, бірақ тұрғылықты тұру үшін емес) жоспарлау жөніндегі сұраққа сұралғандардың 77,4%-ы теріс жауап берді, студенттердің 21,4%-ының осындай жоспары бар (№44-кесте).

Респонденттердің 5,2%-ы Қытайға тұрақты тұруға көшу туралы ойлайды, басым көпшілігі (91,7%) отанына қайтып оралуды жоспарлайды (№45-кесте).

Қытайға тұрақты тұрғылықты жерге көшудің негізгі себептерінің арасында 21 респондент (5,2%) мыналарды атаған: мансаптық өсу келешегі (33,4%), Қытайда өмір сүру сапасы жоғары (28,6%), неке немесе Қытай өкілдерімен некеге тұру жоспары (19,0%), отанында өзіне лайықты өмірді қамтамасыз ете алмау (9,5%) және сұралғандардың 9,5%-ы жауап беруге қиналады (№46-кесте).

№44-кесте

**СІЗДІҢ ОҚУ АЯҚТАЛҒАН СОҢ ҚЫТАЙДА ЕҢБЕК ШАРТЫ БОЙЫНША
ҚАЛУ ЖӨНІНДЕ (ҰЗАҚ УАҚЫТҚА, БІРАҚ ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ
ӨМІР СҮРУ ҮШІН ЕМЕС) ЖОСПАРЫҢЫЗ БАР МА?**

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Иә	45	11,1
Сірә, қаламын	42	10,3
Сірә, қалмаймын	97	23,8
Жоқ	218	53,6
Жауап беруге қиналамын	5	1,2
Барлығы	407	100,0

№45-кесте

**СІЗДІҢ ҚЫТАЙҒА ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ӨМІР СҮРУГЕ КӨШУ
ЖӨНІНДЕ ЖОСПАРЫҢЫЗ БАР МА?**

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Иә	11	2,7
Сірә, көшемін	10	2,5
Сірә, көшпеймін	60	14,7
Жоқ	317	77,9
Жауап беруге қиналамын	9	2,2
Барлығы	407	100,0

№46-кесте

**СІЗДІҢ ҚЫТАЙҒА ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ӨМІР СҮРУГЕ КӨШУ
НИЕТИҢІЗДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕБІ НЕДЕ? (БҰЛ СҰРАҚҚА ҚЫТАЙҒА
ТҰРАҚТЫ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРГЕ КӨШКІСІ КЕЛЕТІН РЕСПОНДЕНТТЕР
ҒАНА ЖАУАП БЕРЕДІ – 21 РЕСПОНДЕНТ (5,2%))**

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Мансаптық өсу келешегі	7	33,4
Қытайда өмір сүру сапасы жоғары	6	28,6
Неке немесе Қытай өкілімен некеге тұру жоспары	4	19,0
Отанында өзіне лайықты өмір сүруді қамтамасыз ете алмау	2	9,5
Жауап беруге қиналамын	2	9,5
Барлығы	21	100,0

Респонденттердің 88,8%-ы отанына оралған соң қытай жоғары оқу орны дипломының болуы зор жетістікке қол жеткізудің кепілі деп есептейді. Беделді жоғары оқу орнында оқитын студенттердің азғана бөлігі диплом алуды сапа белгісі мен өмірге жолдама деп есептейді. Қазақстандықтардың

7,6%-ы қазіргідей өмір сүретін болады, 2,2%-ы нашар өмір сүреді, сұралғандардың 2,0%-ы таңдау жасай алмай қиналды (№47-кесте).

№47 кесте.

СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША, ОТАНЫҢЫЗҒА ҚАЙТЫП КЕЛГЕН СОҢ

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы
Сіз үлкен жетістікке қол жеткізесіз	359	88,2
Қазіргідей өмір сүресіз	31	7,6
Нашар өмір сүресіз	9	2,2
Жауап беруге қиналамын	8	2,0
Барлығы	407	100,0

«Сіз негізінен өзіңізді кіммін деп есептейсіз?» деген сұраққа жауап бере отырып, респонденттер бірнеше жауап нұсқасын таңдай алды. Қазақстандықтардың 52,8%-ы өздерін өз ұлтының өкілі, 46,7%-ы өз елінің азаматы, 10,3%-ы өз қаласының өкілі, 8,6%-ы әлем азаматы, 6,9%-ы өз дінінің өкілі деп атаған (№48-кесте).

№48-кесте

СІЗ НЕГІЗІНЕН ӨЗІҢІЗДІ КІММІН ДЕП ЕСЕПТЕЙСІЗ?

Жауап нұсқасы	Саны	Пайызы*
Өз ұлтының өкілі	215	52,8
Өз елінің азаматы	190	46,7
Өз қаласының өкілі	42	10,3
Әлем азаматы	35	8,6
Өз дінінің өкілі	28	6,9
Өз мамандығының өкілі	17	4,2
Жауап беруге қиналамын	3	0,7

* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеуі мүмкін.

Бөлім бойынша қорытынды:

– Студенттер белсенді азаматтық ұстанымды көрсетеді: Қазақстанның саяси өміріне қызығушылық танытады, сайлауларға қатысады.

– Жас қазақстандықтар адамның ұлтына қарамастан оның құқықтары мен бостандықтарының теңдігін іске асыру, елдің тұтастығын сақтау бойынша мемлекеттер қабылдайтын шараларды оң бағалайды.

– Қазақстанда және Қытайда саяси және экономикалық жағдайды респонденттер тұрақты деп атайды. Алайда, азаматтар қамтамасыз етілген әлеуметтік кепілдер деңгейі төмен деп есептейді.

– Студенттердің бастамасы бойынша және ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігінің, ҚР-дың Шанхай қаласындағы Бас консульдығының, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ өкілдігінің қолдауымен Наурыз,

ҚР Тәуелсіздігі күні, Құрбан Айт мерекесі, КВН фестивальдары, спорттық жарыстар өткізіледі. Бұл іс-шаралар Қытай БАҚ-та жарияланады, бұл қытай және басқа шетелдіктердің Қазақстанның мәдениетімен танысуға мүмкіндік береді.

– Оқу аяқталған соң жастардың көпшілігі отанына қайтып оралуды жоспарлайды. Кейбір респонденттер келісімшарт бойынша жұмыс істеуге қарсы емес. Тұрақты тұрғылықты өмір сүруге көшкісі келетіндер Қытайда мансаптық өсу келешегі бар деп ойлайды.

– Көбісі Қытайдың жоғары оқу орнының дипломы Қазақстанда жұмысқа орналасу кезінде басымдық беретініне сенімді.

– Жас қазақстандықтар жоғары патриотизм деңгейін көрсетеді, ең алдымен өздерін өз ұлтының өкілі және өз елінің азаматы деп атайды.

НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫМДАР

Қазақстандық студенттердің Қытай жоғары оқу орындарына оқу миграциясын зерттеу нәтижелеріне сәйкес оң аспектілердің де, белгілі бір проблемалардың да бар екені айқындалды.

Оң тұстардың ішінде мыналарды атап өту қажет:

- Қытай аумағындағы шетелдік азаматтардың жеке қауіпсіздігі деңгейі жоғары;
- ксенофобия, нәсілшілдік, ұлтшылдық жағдайларының көрінуі өте сирек;
- оқу және тұру жағдайлары қолайлы;
- оқыту сапасы жоғары;
- өз қаражаты есебінен білім алушылар үшін «баға және білім беру сапасы» арақатынасы жақсы.

Қазақстандық жастар толеранттылық пен патриотизмнің жоғары деңгейін көрсетуде. Студенттер Қазақстанның саяси өміріне белсенді түрде қызығушылық танытады, елмен тығыз байланыс ұстайды, Қазақстандағы және Қытайдағы тұрақты әрі достық этносаралық қатынастарды аса жоғары бағалайды. Қытайда бұрын болған тәжірибелі қазақстандық жастар «жаңадан келгендердің» жаңа ортаға тез бейімделуіне көмек көрсетуге дайын, ақкөңіл.

Қытай жоғары оқу орындарын бітірген қазақстандықтардың басым көпшілігі алған білімдеріне риза және «домино әсері» деп аталатын тетікті қоса отырып, отандастарына Қытай университеттерін таңдауды ұсынады. Көрші елге тұлғааралық коммуникативтік деңгейде орныққан толеранттық қатынас Қазақстан-Қытай ынтымақтастығының нығаюына тікелей түрде ықпал етеді.

Төтенше және Өкілетті Елші Шахрат Шәкизатұлы Нұрышев басшылық ететін Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі қазақстандық студенттерге жан-жақты қолдау көрсете отырып, олардың өмірінде маңызды рөл атқарады.

«Қазақстан зерттеу орталықтарының»: 2015 жылғы қарашада Шанхай шет тілдер университетінде, 2015 жылғы желтоқсанда Бейжің шет тілдер университетінде, 2016 жылғы қаңтарда Далянь шет тілдер университетінде ашылуы мемлекетаралық өзара іс-қимыл жасаудың айтулы оқиғасы болды.

Орталықтар қазақ тілін, қазақ әдебиеті мен мәдениетін меңгергісі келетін барлық ниет білдірушілерге көмек көрсетіп, білім алушылар мен оқытушыларға Қазақстанның қалыптасу тарихы мен қазіргі өмірі туралы ақпарат береді және Қытай мен Қазақстанның азаматтары мен ұйымдары арасында білім және ғылыми байланыстардың кеңеюіне ықпал ететін болады.

Студенттердің бастамасымен және ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігінің, ҚР-дың Шанхай қ. Бас консулдығының, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ өкілдігінің жәрдемімен Наурыз, ҚР Тәуелсіздік күні, Құрбан Айт мейрамдарына орай мәдени іс-шаралар, КВН фестивальдары, спорттық жарыстар өткізіледі. Бұл іс-шаралар Қытай БАҚ-та жарияланады, бұл Қытай азаматтары мен басқа да шетелдіктердің Қазақстан мәдениетімен танысуына мүмкіндік береді.

ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігінің қолдауымен Қытайдағы қазақстандық студенттер қауымдастығы (KSAC) құрылып, ол Қытайдың барлық провинцияларында және ірі қалаларында жұмыс істейтін студенттік бірлестіктерді қамтиды. Жыл сайынғы негізде Қазақстандық студенттердің құрылтайы өткізіледі. Студенттер ұйымының белсенді қызметі қазақстандық жастардың жұмылуына сөзсіз ықпал етеді.

Қазақстандық жастардың қытай тілін білмеуі не нашар білуі, сондай-ақ ел заңдарын білмеуі олардың Қытайда болу кезінде кезігетін негізгі қиындықтары болып табылады.

Қытайдағы кейбір студенттердің лайықты емес іс-әрекеттер фактілері кең танымал: түнгі клубтардағы төбелестер, сабаққа қатыспау, жоғары оқу орындарынан қуылу т.б.

Қазақстандағы арнайы дайындық (бейімдеу) курстары бейімдеу проблемасын шешу жолдарының бірі болар еді. Курстар бағдарламасына базалық қытай тілін оқытуды ғана емес, Қытайда шетелдік студенттердің негізгі болу қағидаларын түсіндіруді енгізген жөн. Сондай-ақ талапкерге арналған барлық қажетті ақпаратты: жоғары оқу орнының талаптарын, ҚХР заңдарының ерекшеліктерін, түлектердің ұсынымдарын, пікірлерін т.б. орналастыру мақсатында бірыңғай сайт жасаған орынды болады деп санаймыз.

Бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша мақсатты түрде Қытайда оқуды жоспарлаған үміткерлерге өз отанында тілдік дайындық курстарынан өтуді ұсынамыз, бұл уақыт және қаржы шығындарын азайтады.

Соңғы жылдары Қытай жоғары оқу орындарын бітірген түлектер үшін Қазақстанда жұмысқа орналасу мәселесі айтарлықтай проблема болып отыр. Қазақстандықтардың шамамен 90%-ы гуманитарлық мамандықтар: халықаралық қатынастар, қытай тілі, халықаралық сауда, экономика, юриспруденция т.б. бойынша білім алады. Қазақстанның еңбек нарығында жоғарыда аталған мамандықтардың қажеттілігі түлектер санына сай емес. Нәтижесінде олардың көпшілігі мамандығы бойынша жұмыс істемейді не қосымша білім алуға мәжбүр. Қытайда оқуға ниет білдіргендерге кәсіп пен жоғары оқу орнын таңдауға мұқият қарауларын ұсыну орынды деп санаймыз.

Қытай жоғары оқу орындарының қазақстандық түлектері Қауымдастығын құру – ҚХР-ға оқуға баратын талапкерлердің де тиісті

бос орындарды іздейтін диплом алған мамандардың да ақпарат алуына айтарлықтай жәрдем көрсетеді.

Ғылым-білім, мәдени-әлеуметтік, сауда-экономикалық бағыттар бойынша серпінді дамып келе жатқан Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы, сондай-ақ «Нұрлы Жол» және «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бағдарламалары шеңберінде жаңа индустриялық жобаларды іске асыру қажетті мамандықтар тізбесін қайта қарауды талап етеді.

Қос дипломдық білім беру бағдарламасын дамытуға лайықты назар аударған жөн. Мұндай ынтымақтастықтың Қазақстан үшін тиімділігі елімізде оқыту енді ғана қолға алынып жатқан әртүрлі мамандықтарды оқытудың бай тәжірибесі бар Қытай жоғары оқу орындарында жоғары білікті мамандарды даярлаудан көрінеді.

Екі елдің университеттері мен ҒЗИ арасындағы ғылыми байланыстарды дамытуға, Қытайдың рейтингтік жоғары оқу орындарында академиялық ұтқыр бағдарламалар бойынша ғылыми-зерттеу тағылымдамаларын жандандыру ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Оқу миграциясы жоғары білікті мамандарды даярлауға ықпал етіп, сирек және қазіргі кезде Қазақстанның жоғары оқу орындарында жоқ мамандықтар бойынша білім алған кадрлар зәрулігін толықтыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар түлектерге «білімділердің кетіп қалуына» жол бермеу мақсатында олардың жұмысқа орналасуына жағдай жасау қажет, өйткені зерттеу көрсетіп отырғандай мансаптық өсу перспективасының жоғары болу себебіне орай ҚХР-да тұрақты тұру үшін көшуді жоспарлаған студенттер санаты бар. Осыған байланысты оқуға ниет білдірген жастарға тұрақты мониторинг жүргізіп қана қоймай, Қазақстанның зияткерлік әлеуетін елеулі түрде нығайтуға мүмкіндік беретін шараларды уақытылы қабылдау қажет.

**УЧЕБНАЯ МИГРАЦИЯ ИЗ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН В КИТАЙСКУЮ НАРОДНУЮ
РЕСПУБЛИКУ КАК ОДИН ИЗ АСПЕКТОВ
СТРАТЕГИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА
МЕЖДУ СТРАНАМИ**

(результаты социологического исследования)

— Содержание

ВВЕДЕНИЕ	51
МЕТОДОЛОГИЯ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ	55
РЕЗУЛЬТАТЫ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ОПРОСА КАЗАХСТАНСКИХ ГРАЖДАН, ОБУЧАЮЩИХСЯ В КНР	58
Раздел 1. ПРЕДПОСЫЛКИ И ТЕНДЕНЦИИ УЧЕБНОЙ МИГРАЦИИ ИЗ РК В КНР	58
Раздел 2. ОБУЧЕНИЕ В ВУЗЕ, СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ.....	65
Раздел 3. ЯЗЫКОВАЯ, РЕЛИГИОЗНАЯ, ЭТНИЧЕСКАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ	74
Раздел 4. МЕЖЭТНИЧЕСКИЕ И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЕ ОТНОШЕНИЯ	77
Раздел 5. ГРАЖДАНСКАЯ ПОЗИЦИЯ, ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ	86
ОСНОВНЫЕ ВЫВОДЫ И РЕКОМЕНДАЦИИ	93
Приложение	96
Информация об институте Конфуция при Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева	101
Информация об исследовательском институте «Общественное мнение»	102

— ВВЕДЕНИЕ

С момента установления дипломатических отношений между Республикой Казахстан (далее - РК) и Китайской Народной Республикой (далее - КНР) в 1992 году накоплен солидный опыт взаимодействия по многим направлениям и существует огромный потенциал развития. Культурно-гуманитарное сотрудничество представляет собой одну из важнейших областей межгосударственного взаимодействия. Партнерство в сфере образования является ключевым направлением развития культурно-гуманитарного сотрудничества.

Нормативно-правовая база данной отрасли взаимодействия между РК и КНР основывается на следующих договорах и соглашениях:

– «Соглашение о сотрудничестве в области образования между Министерством образования и науки РК и Министерством образования КНР» от 3 июня 2003 года;

– «Соглашение между Правительствами РК и КНР о взаимном признании документов об образовании и ученых степенях» от 20 декабря 2006 года;

– Протокол о внесении дополнений и изменений от 16 апреля 2009 года в «Соглашение между Министерством образования и науки РК и Министерством образования КНР о сотрудничестве в области образования» от 3 июня 2003 года (предусматривает увеличение количества студентов по обмену до 100 человек);

– Соглашение между Министерством образования и науки РК и Китайской национальной нефтегазовой корпорацией о сотрудничестве в области образования от 15 июня 2011 года (КННК выделяет 15 грантов для обучения по программе магистратура);

– Соглашение между Правительством РК и Правительством КНР о культурно-гуманитарном сотрудничестве от 31 августа 2015 года и другие.

Гранты на обучение в Китае выделяются не только по обозначенным выше соглашениям. В 2012 году во время саммита ШОС Китай объявил о решении обучить 1500 специалистов из государств-членов ШОС в китайских университетах в течение трех лет¹.

В ходе первого государственного визита в Казахстан в сентябре 2013 года Председатель КНР Си Цзиньпин, выступая с лекцией в Назарбаев университете, объявил о предоставлении китайской стороной 30 000 государственных грантов на обучение и повышение квалификации 10 000 студентов и преподавателей институтов Конфуция в течение ближайших 10 лет². В настоящее время институты функционируют в 4 городах Казахстана: Астана, Алматы, Актобе, Караганда. Соглашение

¹ <http://www.scosummit2012.org> (дата обращения: 19.03.16)

² <http://kz.chineseembassy.org/rus/zhgx/t1077192.htm> (дата обращения: 19.03.16)

о создании первого в Казахстане института Конфуция при Евразийском национальном университете имени Л.Н. Гумилева было подписано 20 декабря 2006 года в рамках визита Президента РК Нурсултана Назарбаева в г. Пекин. Партнерским вузом в Китае определен Сианьский университет иностранных языков³. В феврале 2009 года состоялось открытие института Конфуция при Казахском национальном университете имени аль-Фараби, сотрудничество в рамках данного проекта осуществляется совместно с Ланьчжоуским университетом. В июне и ноябре 2011 года состоялись торжественные открытия еще двух институтов Конфуция – при Актюбинском региональном университете и Карагандинском политехническом университете соответственно, партнерскими вузами которых являются Синьцзянский финансовый университет и университет Шихэцзы⁴.

Одной из набирающих обороты сфер взаимодействия является развитие инициатив в рамках созданного в 2008 году сетевого университета Шанхайской организации сотрудничества. Основной миссией университета ШОС является осуществление совместной подготовки высококвалифицированных кадров на основе согласованных инновационных образовательных программ по специальностям, представляющим приоритетный интерес для экономического и социального развития государств-членов ШОС. Функционирующий, как сеть уже существующих вузов, университет ШОС готовит специалистов по приоритетным областям научно-образовательного и экономического сотрудничества стран-участниц: регионоведение, экология, энергетика, IT-технологии, нанотехнологии. Студент, решивший пройти обучение в данном образовательном учреждении, проходит стандартную процедуру поступления в магистратуру в одном из базовых университетов у себя в стране или за рубежом. Далее у студента-магистра есть две траектории образовательного «полета»: можно пройти курс обучения в выбранном вузе, а также в вузе-партнере, и получить по окончании два диплома⁵.

Университеты Китая выбирают и студенты президентской программы «Болашак». Наряду с возможностью обучения по грантам китайские вузы стали популярным направлением для тех, кто оплачивает получение образования за счет собственных средств.

Иностранные граждане, обучающиеся в Китае

Глобализация высшего образования немыслима без широких возможностей обучения за рубежом. Иностранные граждане все чаще отдают свое предпочтение получению образования в китайских вузах.

³ www.ic.eni.kz (дата обращения: 19.03.16)

⁴ Данные Посольства КНР в РК

⁵ <http://uni-sco.ru> (дата обращения: 19.03.16)

По данным Министерства образования КНР, в стране обучаются студенты из 203 стран мира. Китай занимает третье место в мире после США и Великобритании по числу обучающихся в стране иностранных студентов.

